

LG
Life's Good

MUSIC flow HS7 (LAS750M)

SMART Hi-Fi AUDIO

SMART HI-FI аудио жүйесімен саундбар

Үлгі : LAS750M

ҚАЗАҚ ТІЛІ | ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Қосымша мүмкіндіктердің нұсқауларын көру үшін http://www.lg.com сайтына кіріңіз де, Пайдаланушы нұсқаулығын жүктеңіз. Осы нұсқаулықтың кейбір мазмұны сіздің құрылғыңыздан ерекшеленуі мүмкін.

Шынайы құрылғы суреттен басқаша болуы мүмкін.

www.lg.com

Copyright © 2015-2017 LG Electronics. All Rights Reserved

Қауіпсіздік туралы ақпарат



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН), ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕЙТІН ІШКІ БӨЛІКТЕРІН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МАМАНДАРЫНА ТАПСЫРЫҢЫЗ.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе белгісі бар осы жай жарқылы адамға электр тогының соғу қаупі бар мәнде болуы мүмкін өнім қабы ішіндегі оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі леп белгісі өніммен бірге берілетін құжаттамада маңызды пайдалану және қызмет көрсету (жөндеу) нұсқаулары бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.

ЕСКЕРТУ: ӨРТ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ӨНІМДІ ЖАҢБЫРЛЫ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: Бұл жабдықты кітап сөресі немесе соған ұқсас сияқты шектеулі жерге орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл өнімнің айналасында жоғары вольтты өнімдерді пайдаланбаңыз. (мысалы, электрік шыбын өлтіргіші) Бұл өнім электрік тогының соғуына байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға су тигізбеу керек (төкпен немесе шашпау) және құрылғыға вазалар сияқты су толтырылған заттарды қоймау керек.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Желдетуге арналған саңылауларды жаппаңыз. Өндірушінің нұсқаулығы бойынша орнатыңыз.Корпустағы науалар мен тесіктері желдету үшін қарастырылған және өнімнің тұрақты іскерлігін және қызып кетуден сақтайды. Өнім төсекке, диванға, кілем немесе басқа ұқсас беттерге қойылғанда тесіктері жабылып қалмауға тиіс. Өнімді еш уақытта кітап шкафы немесе сөре сияқты жерлерге дұрыс желдету қамтамасыз етілгенге дейін немесе өндірушінің нұсқауларына сәйкес келгенге дейін орнатпаңыз.

ЕСКЕРТУ: Қауіпсіздік белгілері туралы ақпаратты, соның ішінде өнім идентификациясы мен қуат шығарылымдарын өнімнің төменгі не басқа бетінде орналасқан негізгі затбелгіден қараңыз.

Адаптер пайдаланатын үлгілер үшін

Тек осы құрылғымен бірге берілген айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз. Басқа құрылғыны немесе басқа өндірушінің адаптерін қуат көзі ретінде пайдаланбаңыз. Басқа қуат кабелін немесе қуат көзін пайдалану құрылғыға зақым келтіруі және кепілдігіңіздің күшін жоюы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: қуат көзінің баусымы

Кабельдің ашасы өшіргіш құрылғы болып табылады. Төтенше жағдай болғанда ол қолжетерлік жерде болуы керек.

Берілген талаптарға сенімді болу үшін құрылғы иесінің техникалық сипаттамалары бар бетін тексеріп алыңыз.

Электр розеткаларын көп жүктемеңіз. Көп жүктелген қабырға розеткалар, әлсіз немесе бүлінген розеткалар, ұзартқыштар, қуат көзінің істен шыққан баусымдары, бүлінген немесе оқшауланбаған сымдар өте қауіпті. Кез-келген аталған жағдайларда электр тоғынан зақым келуі мүмкін немесе жанып кетуі ықтимал. Өзіңіздің құрылғыңыздың желілік сымдарын үнемі тексеріп отырыңыз. Егер де оның сыртқы түрі бүлінген болса немесе істен шықса, онда оны желіден өшіріп тастаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз. Сол істен шыққан баусымдардың қызмет көрсету орталығының тиісті қосалқы бөлігіне ауыстырыңыз. Қуат көзінің баусымдарын оралып қалу, бүгілу, жаншу, басу, есікпен қысып қалу сияқты физикалық және механикалық ықпалдардан сақтаңыз. Құрылғының сыртқы баусымдарының розеткаларына, штепсельге баса назар аударыңыз.

Бұл құрылғы ұтқыр батареямен немесе аккумулятормен қамтамасыз етілген.

Батареяны немесе жабдықтағы батареяны шығарудың қауіпсіз жолы: Ескі батареяны немесе батарея бумасын алып тастаңыз, қадамдарды қондырудың теріс реті бойынша орындаңыз. Жабдықтың ластануын және адамдар мен жануарлар денсаулығына қауіпті болдырмау үшін ескі батареяны немесе батареяны арнайы жинайтын жерлердегі сәйкес контейнерге салыңыз. Батареяларды және батарея бумаларын әдепкі қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Жергілікті қайта зарядталатын батарея жүйесін және аккумуляторларды пайдалануды ұсынамыз. Батареяны күн жарығының, оттың немесе сол сияқты қатты ыстықтың әсеріне ұшыратуға болмайды.

Мазмұны

1 Бастау

2 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Негізгі мүмкіндіктер
6 Кіріспе
7 Керек-жарақтар
8 Алдыңғы панель
8 Артқы панель
9 Қашықтан басқару пульті
10 Дыбыс панелін орнату
10 – Қақпақ тірегін орнату
10 Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату

2 Қосылу

12 Айнымалы ток адаптерін қосу
12 Сымсыз сабвуфердің қосылуы
14 Теледидарға қосылу
14 – ОПТИКАЛЫҚ кабельді пайдалану
14 – LG Sound Sync
15 – HDMI кабелін пайдалану
16 – Дыбыс панелі арқылы арнаның кең ауқымды дыбыс трансляциясын тамашалай аласыз
16 – SIMPLINK деген не?
17 – ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функциясы
17 – HDMI туралы қосымша ақпарат
18 Қосымша жабдықты жалғау
18 – HDMI қосылымы
19 – PORT. (Портативті) IN қосылымы
19 – OPTICAL IN қосылымы
20 Бастапқы көп бөлме мүмкіндігін орнату
20 – Сымды қосылым (MUSICflow ұялы желі байланысы)
20 – Сымсыз қосылым (стандартты сымсыз қосылым)
20 «Music Flow Player» қолданбасын орнату
21 – Music Flow Player қолданбасымен іске қосу
22 Динамикті үй желісіне қосу
22 – Қарапайым қосылым (ЭН баптау)
23 – Динамикті үй желісіне LAN кабелімен қосу
25 – Динамикті желіге Wi-Fi байланысын орнату әдісі (Android) арқылы қосу
28 – Динамикті желіге Wi-Fi байланысын орнату әдісі (iOS) арқылы қосу
31 Динамиктерді үй желісіне қосу (Қосымша)
31 – LAN кабелі арқылы қосалқы динамикті сіздің желіңізге қосу
33 – Wi-Fi орнату тәсілі арқылы қосалқы динамикті желіге қосу
35 Желі көпірін пайдалану
35 – Негізгі құрылғы ретінде (үй маршруттауышына сыммен қосылған) пайдалану
37 – Сымсыз ұлғайту құралы ретінде пайдаланыңыз
38 ДК үшін медиа серверін пайдалану
38 – Windows операциялық жүйесіне арналған Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы
39 – Mac OS операциялық жүйесіне арналған Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламалық жасақтамасы

3 Іске қосу

41 Music Flow Player қолданбасы арқылы музыка тыңдау
41 – Home (Басты бет) мәзіріне шолу
42 – Қосымша мәзірге шолу
43 – Әнді ойнату
44 – Ойнату мүмкіндігіне шолу
46 Музыканы тыңдаудың түрлі жолдары
46 – Топтық ойнату
47 – Айналадағы дыбыс режимі (Үй кинотеатры режимі)
49 – Бірқалыпты ойнату
50 Динамикті Music Flow Player қолданбасымен орнату
50 – Параметрлер мәзіріне шолу
50 – [General] мәзірі
51 – [Speakers] мәзірі

52 – [Alarms/Sleep Timer] мәзірі
52 – [Account management] мәзірі
52 – [Time Zone] мәзірі
53 – [Advanced Settings] мәзірі
55 – [Chromecast] мәзірі
55 – [Version Info.] мәзірі
55 – [Open source licenses] мәзірі
56 Сымсыз Bluetooth технологиясын қолдану
56 – Bluetooth туралы
56 – Bluetooth профильдері
56 – Bluetooth құрылғыңыздан музыка тыңдау
57 Басқа әрекеттер
57 – DRC (Динамикалық ауқымды бақылау)
57 – AV Sync
57 – Теледидардың қашықтан басқару пультін пайдалану
58 – Дыбысты уақытша өшіре тұру
58 – Кіріс көзі туралы ақпаратты көрсету
58 – Автоматты түрде өшіру таймерін орнату
58 – Автоматты қуаттың төмендеуі
59 – AUTO POWER (АВТОМАТТЫ ҚУАТ) функциясын қосу/өшіру
59 Дыбысты реттеу
59 – Дыбыс деңгейі автоматты түрде таңдалады.
59 – Жоғары жиіліктер/Бас/Сабвуферді реттеу
59 – Түнгі режим
60 Күту режимі
60 – Күту режимі
60 – Желінің күту режимі
60 – Bluetooth қызметінің күту режимі
60 Динамикті қайта орнату
60 – Динамикті қайта орнату

4 Ақаулықтарды жою

61 Ақаулықтарды жою
61 – Жалпы
62 – Желі
63 – Қолданба және ДК бағдарламалық жасақтамасы

5 Қосымша

64 Файл талабы
64 Сауда белгілері мен лицензиялар
65 Сипаттамалар
67 Динамикті өңдеу
67 Желілік қызметтерге қатысты маңызды ақпарат
68 ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

Осы нұсқаулықтағы кейбір мазмұн қолданбаның нұсқасына байланысты Music Flow Player қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Негізгі мүмкіндіктер

iPod/iPhone/iPad немесе Android құрылғысына жасалған

Оңай қосылу арқылы iPod/iPhone/iPad немесе Android құрылғысынан ләззат алуға мүмкіндік береді.

LG Sound Sync

LG Sound Sync құрылғысымен үйлесімді LG TV теледидарының қашықтан басқару құрылғысы арқылы осы құрылғының дыбыс деңгейін басқаруға мүмкіндік береді.

Портативті құрылғы ұяшығы

Портативті құрылғыдан музыканы ойнатады.

Music Flow Player қолданбасы

Смарт құрылғыңызда сақталған музыканы ойнатады.

Осы динамикті iPod touch/iPhone/iPad немесе Android құрылғысымен Music Flow Player қолданбасы арқылы басқаруға болады. Осы динамикті және смарт құрылғыны бір желіге қосу қажет. Music Flow Player қосымшасын іздеу үшін Apple App Store-ға немесе Google Play Store-ға кіріп немесе төменде көрсетілген QR-кодын пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін 20-бетті қараңыз.

(Android операциялық жүйесі)

(Apple iOS)

- Қолданба нұсқасына және смарт құрылғының параметрлеріне байланысты Music Flow Player қолданбасы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір смарт құрылғылар осы динамикпен үйлесімді болмауы мүмкін.

Кіріспе

Осы нұсқаулықта пайдаланылған белгі

Ескертпе

Жұмыс істеу ерекшеліктері мен сипаттамаларына қатысты мағлұматтар бар.


Абай болыңыз

Мүмкін болатын бүлінулердің алдын алуды ескертеді.


Керек-жарақтар

Қамтамасыз етілген керек-жарақтарды анықтап, тексеріңіз.


Керек-жарақтардың сұлбалары мен техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.




Қашықтан басқару пульті (1)




Батареялар (2)




Айнымалы ток адаптері (1)




Қуат сымы (1)




Қабырға кронштейні (2)




Қабырға кронштейнін орнату нұсқаулығы (1)




Бұрандалар (2)




Кабельді реттеуге арналған кабель тұтастырғылары (2)



Аяқ




Оптикалық



LAN кабелі

Алдыңғы панель



1 Дисплей терезесі

2 Жарық диод индикаторы
Қосылым күйін көрсетеді.

3 Қашықтық сенсоры

4 ⏻/I (Күту режимі/Қосу)
- Қуатты қосу
- Күту режиміне ауыстыру (60-бет)


5 **F** (Функция)
Функция мен кіріс көзін таңдайды.

6 — / + (Дыбыс деңгейі)
Дыбыс деңгейін реттейді.

7 (Wi-Fi)
Динамикті желіге жалғайды. (25-бет)

8 (Қосу)
Динамикті желіге қосады. (33-бет)

Артқы панель



1 S/W жүктеу ұяшығы (Тек қызмет көрсетуге арналған)

2 **DC IN** (Айнымалы ток адаптерінің кірісі)


3 **HDMI IN / OUT** (TV ARC) **:** HDMI кіріс/ шығыс

4 **ETHERNET :** LAN порты

5 **PORTABLE IN :** Портативті кіріс


6 **OPT. IN :** Оптикалық кіріс

Қашықтан басқару пульті



Батареяны алмастыру

Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы батарея қақпағын алыңыз да, екі R03 (AAA өлшемді) батареяны ⊕ және ⊖ жақтарын дәл келтіріп салыңыз.



1

⏻ (Қуат) **:** Құрылғыны ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ. / Күту режиміне ауыстырады.

FUNC : Функция мен кіріс көзін таңдайды.

🔇 (Дыбысты өшіру) **:** дыбысты өшіреді.

OPTICAL : Кіріс көзін OPTICAL түріне тікелей өзгертеді.

: Жоғары жиіліктер, бас және сабвуфердің дыбыс деңгейін реттейді.

VOL +/— : Динамиктің дыбыс деңгейін реттейді.

2

REPEAT : Музыканы қайталап тыңдау үшін.

⏮ / ⏭ (Өткізу) :
- Алға немесе кері жылдам өткізеді.

⏯ (Ойнату/Кідірту) **:** Ойнатуды бастайды. / Ойнатуды кідіртеді.

INFO : Кіріс көзі туралы ақпаратты көрсетеді.

> **Ескертпе**
>
> Бұл ойнату түймелерін музыканы «Music Flow Player» қолданбасы немесе компьютердің бағдарламалық жасақтамасы арқылы ойнатқан соң пайдалануға болады.

3

DRC : DRC функциясын қосады немесе өшіреді.

: Дыбыс қарқындылығын азайту және анықтылық пен жұмсақтықты жақсарту үшін түнгі режимді On (Қосулы) күйіне орнатыңыз.

AUTO VOL : AUTO VOLUME режимін қосады немесе өшіреді.

AV SYNC : Аудио мен бейнені синхрондайды.

SLEEP : Жүйені көрсетілген уақытта автоматты түрде өшірілуін орнатады.


AUTO POWER : AUTO POWER режимін қосады немесе өшіреді. (59-бетті қараңыз.)

Дыбыс панелін орнату

Құрылғыға басқа құрылғыны жалғау арқылы дыбысты естуге болады : теледидар, Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б.

Құрылғыны теледидар алдына қойып, оны қажетті құрылғыға жалғаңыз. (Мына беттерді қараңыз: 14 - 19)

Сымсыз сабвуферді бөлменің кез келген жеріне қоюға болады. Дегенмен сабвуферді негізгі құрылғы жанына орналастырған абзал. Қабырғаға шағылысуды азайту үшін оны бөлменің ортасына қарай сәл бұрыңыз.




Абай болыңыз

- Bluetooth немесе сымсыз сабвуфер секілді сымсыз байланыстың өнімділігін жақсарту үшін құрылғыны металды жиһазға қондырмаңыз, өйткені сымсыз қосылыс құрылғының астыңғы бөлігінде орналасқан модуль арқылы өзара әрекеттеседі.
- Құрылғыны /сабвуферді орнату немесе жылжыту кезінде олардың бетіне сызат түсіруден сақ болыңыз.

Қақпақ тірегін орнату


Қақпақ тірегін (биіктігі: 17 мм) пайдалану арқылы құрылғының биіктігін үлкейтуге болады



1. Құрылғыны төңкеріңіз.
2. Қақпақ тірегіне бекітілген жапсырманы ажыратыңыз. Содан кейін оны құрылғының бар аяғына орнатыңыз.
3. Қақпақ тірегін мықтап бекіту үшін қақпақ тірегін айтарлықтай қысыммен басыңыз.

Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату

Негізгі құрылғыны қабырғаға орнатуға болады.




Абай болыңыз

Осы құрылғыны орнатқаннан кейін байланыс орнату қиын болғандықтан, кабельдерді орнатудан бұрын жалғаңыз.

Дайындау материалдары

Құрылғы





Қабырға кронштейнін орнату маршруттауышы



Қабырға ілгегі



Бұрандалар

(қамтамасыз етілмеген)




Бұрандалар (**A**)




Штепсель ашасы


1. Қабырға кронштейнін орнату маршруттауышындағы ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ТӨМЕНГІ ШЕТІН теледидардың негізімен үйлестіріңіз және де сол күйде бекітіңіз.



2. Құрылғыны қабырғаға (бетон) орнатқан кезде штепсель ашаларын пайдаланыңыз. Бірнеше тесік жасау қажет болады. Бұрғылау үшін орнату парағы (Қабырға кронштейндерін орнату нұсқаулығы) қамтамасыз етілген. Парақты пайдаланып, бұрғылау нүктесін анықтаңыз.




3. Қабырға кронштейнін орнату маршруттауышын алып тастаңыз.
4. Кронштейнді төмендегі суретте көрсетілгендей бұрандалармен (**A**) бекітіңіз.




Ескертпе

Өнімді бекіту үшін бұрандалар (**A**) мен штепсель ашалары қамтамасыз етілмейді. Орнату үшін Hilti (HUD-1 6 x 30) ілгектерін пайдалануды ұсынамыз.

5. Құрылғыны оның жиегіндегі бұранданың қуыстарымен дәл келетіндей етіп кронштейнге орнатыңыз.



6. Құрылғыны бұрандалармен жақсылап бекітіңіз.



Ескертпе

Құрылғыны бөлшектеу үшін барлық амалдарды кері тәртіппен орындаңыз.


Абай болыңыз

- Бұл құрылғыны төңкеріп орнатпаңыз. Бұл осы құрылғы бөлшектерінің зақымдануына мен пайдаланушының жарақаттануына әкелуі мүмкін.
- Орнатылған құрылғыға асылмаңыз және құрылғыны соққыдан сақтаңыз.
- Құрылғыны түсіп қалмайтындай етіп қабырғаға тұрақты орнатыңыз. Егер құрылғы түсіп кететін болса, ол жарақат алуға не өнімнің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Құрылғы қабырғаға орнатылғанда балалар кез келген қосылған кабельдерін тартып алудың алдын алыңыз, себебі ол түсіп кетуіне себеп болуы мүмкін.

Айнымалы ток адаптерін қосу

Динамикті қуат көзіне берілген айнымалы ток адаптерімен қосыңыз.

1. Бірге берілген айнымалы ток адаптеріне айнымалы ток қуат сымын қосыңыз.
2. Айнымалы ток адаптерінің кабелін DC. IN адаптерінің ұясына жалғаңыз.
3. Айнымалы токтың қуат сымын айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.



⚠ Абай болыңыз

Тек осы құрылғымен ғана берілген айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз. Басқа құрылғы немесе өндірушінің қуат көзін пайдаланбаңыз. Кез келген басқа қуат кабелін немесе қуат көзін пайдаланғанда құрылғы зақымдалып, кепілдік өз күшін жоюы мүмкін.

Сымсыз сабвуфердің қосылуы

Сымсыз сабвуфердің жарық диод индикаторы

Жарық диод түсі	Күйі
Жасыл (Жыпылықтайды)	Қосылу әрекеті орындалуда.
Жасыл	Қосылым орындалды.
Қызыл	Сымсыз сабвуфер күту режимінде немесе қосыла алмады.
Өшірулі (Көрсетілмейді)	Сымсыз сабвуфердің қуат сымы ажыратылған.

Сымсыз сабвуферді алғаш рет орнату

1. Сымсыз сабвуфердің қуат сымын розеткаға қосыңыз.
2. Негізгі құрылғыны қосыңыз : Негізгі құрылғы мен сымсыз сабвуфер автоматты түрде қосылады.


Сымсыз сабвуферді қолмен жұптастыру

Қосылым орындалмаған кезде сымсыз сабвуферде қызыл жарық диод немесе жыпылықтайтын жасыл жарық диод көрінеді және сабвуфер дыбыс шығармайды. Ақаулықты шешу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Негізгі құрылғының дыбыс деңгейін ең аз мөлшермен реттеңіз.
   - Дисплей терезесінде «VOL MIN» хабары шығады.
2. Қашықтан басқару пультіндегі (Дыбысты өшіру) түймесін басып, шамамен 3 секундқа ұстап тұрыңыз.
   - Дисплей терезесінде «WL RESET» хабары қысқа уақыт көрсетіледі.

3. Егер сымсыз сабвуфердің жарық диоды жасыл түспен жыпылықтап тұрса, бұл қадамды өткізіп жіберуге болады.

   Сымсыз сабвуфердің артындағы **PAIRING** түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.



   - Сымсыз сабвуфердің жарық диоды қызыл және жасыл түспен баламалы түрде жанып-өшеді.

4. Негізгі құрылғы мен сымсыз сабвуфердің қуат көзін ажыратыңыз.
5. Негізгі құрылғының жарық диоды мен сымсыз сабвуфер толық ажыратылғаннан кейін оларды қайта жалғаңыз.

   Негізгі құрылғыны қосқан кезде, негізгі құрылғы және сымсыз сабвуфер автоматты түрде жұптастырылады.
   - Байланыс орнатылған кезде сабвуферде жасыл үсті жарық диод көрінеді.

! Ескертпе


- Негізгі құрылғы мен сабвуфер арасында қосылым бірнеше секунд ішінде (одан көп болуы мүмкін) жасалады.
- Негізгі құрылғы мен сабвуфер жақындаған сайын дыбыстың да сапасы жақсара түседі. Негізгі құрылғы мен сабвуферді мүмкіндігінше жақын орнатуды және төменде көрсетілген жағдайлардан аулақ болуды ұсынамыз.
  - Негізгі құрылғы мен сабвуфер арасында бөгет/ кедергі бар.
  - Берілген сымсыз қосу арқылы сол жиілікті пайдаланатын құрылғылар бар, мысалы медициналық жабдықтар, микротолқынды пештер немесе LAN сымсыз құрылғысы.

Теледидарға қосылу

Теледидардың орналасуына сәйкес оптикалық сандық кабельді немесе HDMI кабелін пайдалану арқылы осы құрылғыны және теледидарды қосыңыз.

ОПТИКАЛЫҚ кабельді пайдалану

1. OPT. IN деп белгіленген құрылғының артқы жағындағы ұяшықты теледидардағы OPTICAL OUT ұяшығына ОПТИКАЛЫҚ сымды пайдаланып қосыңыз.



2. Кіріс көзін OPTICAL түріне орнатыңыз. Функция таңдалғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басыңыз.

   OPTICAL функциясын тікелей таңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі **OPTICAL** түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Сіз бұл құрылғының динамиктері арқылы теледидардың дауысын тамашалай аласыз. Кейбір теледидар үлгілері жағдайында теледидар мәзірінен сыртқы динамик опциясын таңдау қажет болады. (Қосымша мәлімет үшін теледидар бойынша пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
- Теледидардың дыбыстық шығысын осы құрылғы арқылы дыбысты тыңдауға болатындай етіп орнатыңыз : Теледидар параметрлері мәзірі → [Sound] → [TV Sound output] → [External speaker (Optical)]
- Теледидар параметрі мәзірінің мәліметтері теледидар өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

LG Sound Sync

Sound Sync

Осы құрылғыдағы кейбір функцияларды LG Sound Sync құрылғысы арқылы теледидардың қашықтан басқару пультінің көмегімен басқаруға болады. Бұл LG Sound Sync құрылғысын қолданатын LG теледидарымен үйлесімді. Теледидарыңызда LG Sound Sync логотипі бар екендігіне көз жеткізіңіз.

LG TV теледидарының қашықтан басқаруда пультімен басқарылатын функциялары : дыбыс деңгейін көтеру/азайту, дыбысты өшіру

LG Sound Sync туралы мағлұматтармен танысу үшін теледидар нұсқаулығын қараңыз.


Жабдыққа байланысты келесі байланыстардың бірін орындаңыз.

Ескертпе

- Сіз LG Sound Sync құрылғысын пайдаланумен қатар, осы құрылғыдағы қашық басқаруды қолдана аласыз. Егер теледидардың қашық басқаруын қайта қолдансаңыз, онда құрылғы теледидармен синхрондалынады.
- Қосылым орындалмаған жағдайда теледидар және қуат күйін тексеріңіз.
- Осы құрылғының күйі мен LG Sound Sync құрылғысын пайдалану барысындағы төменде келтірілген жағдайларды тексеріңіз.
  - Құрылғыны өшіріңіз.
  - Функцияны басқасына ауыстыру.
  - Оптикалық кабельді ажырату
- Осы құрылғыны өшіруге қажетті уақыт шамасы теледидарыңызға байланысты AUTO POWER функциясын ON күйіне орнатқанда өзгешеленеді.

Сымжелілік қосылым

1. LG TV теледидарын оптикалық кабель көмегімен құрылғыға жалғаңыз.



2. Теледидардың дыбыстық шығысын осы құрылғы арқылы дыбысты тыңдауға болатындай етіп орнатыңыз :Теледидар параметрлері мәзірі → [Sound] → [TV Sound output] → [LG Sound Sync (Optical)]
3. Қашықтан басқару пультіндегі ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы құралды іске қосыңыз.
4. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін пайдаланып, OPTICAL функциясын таңдаңыз.

   Осы құрылғы мен теледидарды дұрыс қосқан жағдайда дисплей терезесінде «LG OPT» хабары көрінеді.

Ескертпе

Теледидар параметрі мәзірінің мәліметтері теледидар өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Сымсыз байланыс

1. Қашықтан басқару пультіндегі ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы құралды іске қосыңыз.
2. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін пайдаланып, LG TV функциясын таңдаңыз.
3. LG Sound Sync (Сымсыз) құрылғысын теледидарға орнатыңыз. Теледидар нұсқаулығын қараңыз.

   Дисплей терезесінде «PAIRED» хабары 3 секунд шамасында пайда болады және содан кейін, егер осы құрылғы мен теледидар дұрыс қосылған жағдайда дисплей терезесінде «LG TV» хабары көрінеді.


Ескертпе

Құрылғыны ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы тікелей қосқан болсаңыз, LG Sound Sync (сымсыз) құрылғысы ажыратылады.

HDMI кабелін пайдалану

Құрылғыны HDMI CEC және ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функцияларын қолданатын теледидарға қосқан жағдайда теледидар дыбысын оптикалық кабельді жалғаусыз динамиктер арқылы естуге болады.

HDMI кабелі арқылы құрылғының артқы жағындағы HDMI OUT (TV ARC) ұясын теледидардағы ARC ұясымен қосыңыз.




Ескертпе

- HDMI CEC (Қашықтан басқару протоколы): Жалғыз қашықтан басқару протоколын пайдалана отырып, CEC протоколымен үйлесімді құрылғыларды (TV, дыбыс панелі, Blu-ray ойнатқышы, т.б.) басқаруға болады
- Сондай-ақ қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** түймесі немесе құрылғыдағы **F** түймесі бар Bluetooth секілді функцияларды пайдаланудан ләззат ала аласыз. Осы аудио жүйенің қосымша функцияларын (Bluetooth) пайдаланғаннан кейін теледидар арналарына қайта оралған кезде Сіз осы жүйе дыбысының рахатына қайта кенелу үшін теледидардағы қалаулы динамикті таңдай аласыз.

HDMI кабелін басқару тізімі

Кейбір HDMI кабельдері ARC функциясына қолдау көрсетпейді, бұл өз кезегінде дыбыстың шықпауына әкеледі.

Осы құрылғыны теледидарға жалғаған кезде дыбыс шықпаса, HDMI кабелінде ақаулық болуы мүмкін. Сол себепті құрылғыны теледидарға жалғап, Ethernet желісінің A түріндегі жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелін тексеріңіз.



Дыбыс панелі арқылы арнаның кең ауқымды дыбыс трансляциясын тамашалай аласыз

HDMI кабелі арқылы байланыс*

HDMI кабелі арқылы аудио жүйесінде нақты уақыттағы трансляциядан ләззат алу үшін теледидар ең жаңа HDMI (HDMI CEC[1]) / ARC (Дыбысты қайтару арнасы) мүмкіндіктеріне қолдау көрсетуі қажет. Теледидар HDMI мүмкіндіктеріне қолдау көрсеткен кезден басқа жағдайларда аудио жүйесі ОПТИКАЛЫҚ кабель арқылы жалғанған болуы қажет.

1) HDMI CEC (айқындығы жоғары деңгейдегі мультимедияға арналған интерфейстің қашықтан басқару протоколы)

Қашықтан басқару протоколы (CEC) - олардың қашықтан басқару құралдарының тек біреуінің ғана көмегімен HDMI арқылы қосылатын, CEC қолдауы бар құрылғыларға пайдаланушының пәрмендер беруіне және оларды басқаруына мүмкіндік беретін HDMI функциясы болып табылады.

* CEC үшін сауда атаулары - SimpLink (LG) , Anynet+ (Samsung), BRAVIA Sync (Sony), EasyLink (Philips) және т.б.

SIMPLINK деген не?

Осы құрылғы мен SIMPLINK мүмкіндігі бар LG TV теледидары HDMI қосылымы арқылы жалғанған кезде, осы құрылғының кейбір функцияларын теледидардың қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.

LG TV теледидарының қашықтан басқаруға болатын функциялары : Қуатты қосу/өшіру, дыбысты арттыру/азайту, т.б.

SIMPLINK функциясына қатысты мәлімет алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

SIMPLINK функциясы бар LG TV теледидарында жоғарыда көрсетілген логотип болады.

Ескертпе

- Құрылғының күйіне байланысты, кейбір SIMPLINK операциялары мақсатыңыздан өзгеше болуы немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Осы блокпен бірге қосылатын теледидарға немесе ойнатқышқа қарай SIMPLINK амал Сіздің мақсатыңыздан ерекшеленуі мүмкін

ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функциясы

ARC функциясы HDMI үйлесімді теледидарды аудио ағынын осы құрылғының HDMI OUT ұяшығына жіберуге мүмкіндік береді.

Бұл функцияны пайдалану үшін :

- Теледидар HDMI-CEC және ARC функцияларына қолдау көрсетуі тиіс, HDMI-CEC және ARC қосулы күйіне орнатылуы тиіс.
- HDMI-CEC және ARC функцияларын орнату әдісі теледидарға байланысты өзгеше болуы мүмкін. ARC функциясы туралы мәлімет алу үшін теледидар нұсқаулығын қараңыз.
- HDMI кабелін пайдалануыңыз қажет (A түрі, Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелі).
- HDMI кабелін пайдаланып, құрылғының HDMI OUT ұяшығын ARC функциясына қолдау көрсететін теледидардың HDMI IN ұяшығына жалғауыңыз қажет.
- ARC функциясына қолдау көрсететін теледидарға тек бір ғана дыбыс панелін жалғай аласыз.

Ескертпе

- Сіздің қай функция түрін пайдаланатыныңызға қарамастан теледидардан ARC сигнал шыққан кезде ARC функция бірден таңдалады.
- Сіз бұл құрылғының динамиктері арқылы теледидардың дауысын тамашалай аласыз. Кейбір теледидар үлгілері жағдайында теледидар мәзірінен сыртқы динамик опциясын таңдау қажет болады. (Қосымша мәлімет үшін теледидар бойынша пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
- Теледидардың дыбыстық шығысын осы құрылғы арқылы дыбысты тыңдауға болатындай етіп орнатыңыз : Теледидар параметрлері мәзірі → [Sound] → [TV Sound output] → [External speaker (HDMI ARC)]
- Теледидар параметрі мәзірінің мәліметтері теледидар өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

HDMI туралы қосымша ақпарат

- HDMI немесе DVI үйлесімді құрылғысын қосу кезінде төмендегілерді тексеріңіз:
  - HDMI/DVI құрылғысын және осы ойнатқышты өшіріп көріңіз. Содан кейін HDMI/DVI құрылғысын қосып, оны 30 секундтан астам уақытқа қалдырыңыз, содан кейін осы ойнатқышты қосыңыз.
  - Жалғанған құрылғыдағы бейне кіріс осы құрылғы үшін дұрыс орнатылған.
  - Жалғанған құрылғы 720 x 576p, 1280 x 720p, 1920 x 1080i немесе 1920 x 1080p бейне кірісімен үйлесімді.
- Осы ойнатқышпен барлық HDCP протоколымен үйлесімді HDMI немесе DVI құрылғылары жұмыс істемейді.
  - HDCP емес құрылғыда сурет дұрыс көрсетілмейді.

Ескертпе


- Егер қосылған HDMI құрылғы ойнатқыштың аудио шығысын қабылдамаса, HDMI құрылғының аудио дыбысы бұрмалануы немесе шықпауы мүмкін.
- Қосылым орнатылғаннан кейін ажыратымдылықты өзгерту бұзылуға себеп болуы мүмкін. Ақаулықты шешу үшін құрылғыны өшіріп, қайтадан қосыңыз.
- HDCP бар HDMI қосылымы тексерілмегенде, теледидар экраны қараға өзгертіледі. Бұл жағдайда, HDMI қосылымын тексеріңіз немесе HDMI кабелін ажыратыңыз.
- Егер экранда шулар немесе жолақтар болса, HDMI кабельді тексеріңіз (ұзындық әдетте 4,5 м-мен (15 фут) шектеледі).
- Бейне шығысты HDMI IN режимінде өзгерте алмайсыз. Жалғанған құраластың бейне ажыратылымдығын өзгертіңіз.
- Егер сіздің компьютеріңіз HDMI IN ұяшығына жалғанған кезде, бейне шығыс сигналы дұрыс болмаса, компьютердің ажыратылымдығын 576p, 720p, 1080i немесе 1080p етіп өзгертіңіз.

Қосымша жабдықты жалғау

HDMI қосылымы

Тек дыбысты тыңдауға арналған

Дыбысты сырттан қосылған құрылғыдан тыңдауға болады.




Blu-ray диск ойнатқышына, DVD ойнатқышына, т.б.

1. Құрылғының артқы жағындағы HDMI IN ұяшығын Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б. сияқты аудио құрылғыларындағы HDMI OUT ұяшығына жалғаңыз.
2. Кіріс көзін HDMI IN ұяшығына орнатыңыз. Функция таңдалғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басыңыз.

Дыбысты тыңдауға әрі суретті көруге арналған

Сырттан жалғанған құрылғы арқылы дыбысты да тыңдауға, суретті де көруге болады.




1. Құрылғының артқы жағындағы HDMI IN ұяшығын Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б. сияқты сыртқы құрылғыдағы HDMI OUT ұяшығына жалғаңыз.
2. Теледидардағы HDMI IN ұясына құрылғының артқы жағындағы HDMI OUT (TV ARC) ұясымен қосыңыз.
3. Кіріс көзін HDMI IN ұяшығына орнатыңыз. Функция таңдалғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басыңыз.

Ескертпе

Теледидарға жалғауға арналған HDMI OUT байланыс PCM көп түрлі арна HDMI сымы арқылы шығарып тұрса да, құрылғы тек 2 арнаны шығара алады.

PORT. (Портативті) IN қосылымы




Портативті ойнатқыштағы музыканы тыңдау

Құрылғыны көптеген түрдегі портативті ойнатқыштар немесе сыртқы құрылғылардан музыка ойнату үшін пайдалануға болады.

1. Портативті құрылғыны құрылғының PORTABLE IN қосқышына жалғаңыз.
2. ⏻ (Қосу) түймесін басып құрылғыны іске қосыңыз.
3. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басып, PORTABLE функциясын таңдаңыз.
4. Портативті ойнатқышты не сыртқы құрылғыны қосып, ойнатуды бастаңыз.

OPTICAL IN қосылымы

Сыртқы құрылғының оптикалық шығыс ұяшығын OPT. IN ұяшығына қосыңыз.



1. OPT. IN деп белгіленген құрылғының артқы жағындағы ұяшықты теледидардағы оптикалық шығыс ұяшығына (немесе сандық құрылғыға, т.б.) жалғаңыз.
2. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **FUNC** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басып, OPTICAL кіріс сигналы көзін таңдаңыз.

   OPTICAL функциясын тікелей таңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі **OPTICAL** түймесін басыңыз.
3. Дыбысты жалғанған құрылғы арқылы тыңдаңыз.
4. OPTICAL терезесінен шығу үшін **OPTICAL** түймесін басыңыз. Алдыңғы функцияға ораласыз.

Сыртқы құрылғының оптикалық шығыс ұясына қарай


Бастапқы көп бөлме мүмкіндігін орнату

Бірінші рет MUSICflow өнімін орнатып жатқан кезде, сізге төменде көрсетілгендей қосылымның екі түрін таңдауға болады.

Сымды қосылым (MUSICflow ұялы желі байланысы)

LAN кабелін пайдалану арқылы динамикті үй маршруттауышына қосыңыз.

Содан кейін сіз қосымша MUSICflow өнімдерін (қосалқы) үй желісіне сымсыз қоса аласыз. 31-беттегі «Динамиктерді Үй желісіне (қосымша) қосу» бөлімінен қараңыз.




LAN кабелі

Сымсыз қосылым (стандартты сымсыз қосылым)

Сіздің динамика мен үй маршруттауышы арасындағы сымды қосылым қолжетімсіз болса, бұл құрылғы үй маршруттауышының Wi-Fi қамту аймағында ән ағыны қызметін ұсынады.

Динамиктердің біреуін үй маршруттауышына сымсыз қосыңыз.

Содан кейін сіз қосымша MUSICflow өнімдерін (қосалқы) үй желісіне сымсыз қоса аласыз. 31-беттегі «Динамиктерді Үй желісіне (қосымша) қосу» бөлімінен қараңыз.



Сымсыз сигнал

«Music Flow Player» қолданбасын орнату

Apple App Store немесе Google Play Store арқылы

1. Apple App Store белгішесін немесе Google Play Store белгішесін басыңыз.
2. Іздеу жолағына «Music Flow Player» сөзін теріңіз де, «Search» түймесін басыңыз.
3. Жүктеу үшін іздеу нәтижесінің тізіміндегі «Music Flow Player» қолданбасын таңдаңыз.

Ескертпе

- Music Flow Player қолданбасы Android OS бағдарламалық жасақтамасының келесідей нұсқасында қолжетімді болады:
  4.0 (ICS) нұсқасы (немесе кейінгі)
  iOS O/S : 6.0 нұсқасы (немесе кейінгі)
- Құрылғыға байланысты «Music Flow Player» қолданбасы жұмыс істемеуі мүмкін.

QR коды арқылы

«Music Flow Player» қолданбасын QR коды арқылы орнатыңыз. QR кодын сканерлеу қолданбасының көмегімен сканерлеңіз.



(Android операциялық жүйесі)

(Apple операциялық жүйесі)


Ескертпе

- Смарт құрылғы интернетке қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Смарт құрылғыда сканерлеу қолданбасы бар екеніне көз жеткізіңіз. Болмаған жағдайда, Apple App Store-дан немесе Google Play Store-дан жүктеп алыңыз.

Music Flow Player қолданбасымен іске қосу

Music Flow Player қосымшасын алғаш рет іске қосқанда, экранда пайдалану шарттары мен Chromecast Service пайда болады.

1. Пайдалану шарттарының мазмұнын тексеріңіз және [Accept] опциясын таңдаңыз.



2. Chromecast Service-тің мазмұнын қарап, [Accept] пәрменін таңдаңыз.



3. Сатып алған динамикті орнату үшін [Connect product] таңдаңыз.



23-беттегі «Динамикті үй желісіне қосу» бөлімін қараңыз.

Ескертпе

Пайдалану шарттары экранына оралғыңыз келсе, смарт құрылғының параметрлер мәзіріндегі Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз.

Динамикті үй желісіне қосу

Сымды желіні пайдалану үздік өнімділікті береді, өйткені бекітілген құрылғылар тікелей желіге радио жиілік кедергісінің әсерінсіз қосылады.

Қосымша нұсқаулар алу үшін желі құрылғысының құжаттамасын қараңыз.

Дайындау

- Сымсыз желі ортасы маршруттауыш көмегімен үйіңізге орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик пен смарт құрылғы бір маршруттауышқа қосылғанына көз жеткізіңіз.

Талаптар

- Сымсыз маршруттауыш
- Смарт құрылғы (Android немесе iOS)

Ескертпе

- Сымсыз маршруттауышта DHCP сервері іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамикті маршруттауышпен қоса алмасаңыз, маршруттауыш параметріне өтіңіз, содан кейін «Сымсыз байланысқан клиентке басқа пайдаланушыларды көруге және менің жергілікті желіме қолжеткізуге рұқсат беру» өрісіне құсбелгі қойылмағанына көз жеткізіңіз.

Қарапайым қосылым (ЭН баптау)

Дайындық

- Қарапайым қосылым үшін Wi-Fi желісі қажет.
- Смарт құрылғыңыздағы Bluetooth параметрі қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

- Қарапайым қосылымға Bluetooth 4.0 нұсқасы (немесе одан жоғары) тарапынан қолдау көрсетіледі.
- Егер Қарапайым жалғану экраны экранда бейнеленбесе, құрылғыны басқа тәсілмен жалғаңыз. «Динамикті үй желісіне LAN кабелімен қосу» бөлімін (23-бет) немесе «Динамикті желіге Wi-Fi байланысын орнату әдісі арқылы қосу» бөлімін қарауыңызды сұраймыз (25 немесе 28-бет)


1. Қажетті құрылғыны электр желісіне қосып, [Next] түймесін басыңыз.




2. Бағдарлама динамикті іздеп, оған автоматты түрде қосылады, [Next] түймесін басыңыз.




3. Егер желіде құпиясөз орнатылған болса, қауіпсіздік экраны көрсетіледі. Құпиясөзді теріңіз.



4. Құпиясөзді тергеннен кейін, [Next] түймесін басыңыз.




5. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] түймесін басыңыз.




“Аяқталған соң, теледидар қосылымының экраны пайда болады. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.”


Динамикті үй желісіне LAN кабелімен қосу



1. Құрылғыны қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін немесе құрылғыдағы ⏻/I түймесі арқылы қосыңыз. Жарық диод индикаторы ақ түспен жыпылықтай бастайды.
2. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. Динамикті орнату үшін [Connect product] таңдаңыз. Қажетті құрылғыны электр желісіне қосып, [Next] түймесін басыңыз.




3. Сіз қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.




4. Экранда [Wired connection] опциясын таңдаңыз.




5. LAN кабелінің бір ұшын динамиктің LAN портына жалғаңыз және екінші ұшын сымсыз маршруттауышқа жалғаңыз. Жарық диод индикаторы жыпылықтағаны тоқтап, ақ түсте жанып тұруын күтіңіз.



6. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.




7. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] белгішесін таңдаңыз.



Динамикті қосып болған соң, теледидар қосылымы үшін нұсқаулықтарды қараңыз.

(Егер жаңарту бар болса)

8. Бұл бағдарлама динамиктің бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасын тексереді, содан кейін нұсқаны көрсетеді.



Нұсқа ақпаратын тексергеннен соң, [Next] белгішесін таңдаңыз.

Ескертпе


- Динамикті маршруттауышсыз пайдалана алмайсыз. Сымды маршруттауышты пайдаланған кезде динамикті Music Flow ДК бағдарламалық жасақтамасымен басқаруға болады. (23-бет)
- Динамик және смарт құрылғы бір маршруттауышқа қосылуы керек.

Динамикті желіге Wi-Fi байланысын орнату әдісі (Android) арқылы қосу


Байланысқа шолу



1. Құрылғыны қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін немесе құрылғыдағы ⏻/I түймесі арқылы қосыңыз. Жарық диод индикаторы ақ түспен жыпылықтай бастайды.
2. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. Динамикті орнату үшін [Connect product] таңдаңыз. Қажетті құрылғыны электр желісіне қосып, [Next] түймесін басыңыз.




3. Сіз қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.




4. Экранда [Wireless connection] опциясын таңдаңыз.




5. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.
6. Құрылғыдағы түймесін басыңыз. Жарық диод индикаторы ақ және қызыл түспен кезектесіп жыпылықтайды.




7. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.




8. Желіге құпия сөз орнатқан болсаңыз, смарт құрылғыда қауіпсіздік экраны пайда болады. Құпия сөзді енгізіңіз.



9. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.




10. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] белгішесін таңдаңыз.



Динамикті қосып болған соң, теледидар қосылымы үшін нұсқаулықтарды қараңыз.

(Егер жаңарту бар болса)

11. Бұл бағдарлама динамиктің бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасын тексереді, содан кейін нұсқаны көрсетеді.



Нұсқа ақпаратын тексергеннен соң, [Next] белгішесін таңдаңыз.


Ескертпе

Динамик желіге қосылмаса немесе желілік байланыс дұрыс емес жұмыс істесе, динамикті маршруттауышқа жақынырақ қойып, әрекетті қайталаңыз.


Динамикті желіге Wi-Fi байланысын орнату әдісі (iOS) арқылы қосу




1. Құрылғыны қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін немесе құрылғыдағы ⏻/I түймесі арқылы қосыңыз. Жарық диод индикаторы ақ түспен жыпылықтай бастайды.
2. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. Динамикті орнату үшін [Connect product] таңдаңыз. Қажетті құрылғыны электр желісіне қосып, [Next] түймесін басыңыз.




3. Сіз қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.



4. Экранда [Wireless connection] опциясын таңдаңыз.




5. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.
6. Құрылғыдағы түймесін басыңыз. Жарық диод индикаторы ақ және қызыл түспен кезектесіп жыпылықтайды.



7. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.




8. iOS құрылғысында iOS параметрі -> Wi-Fi параметрі тармағымен өтіңіз және қосылу үшін «MusicFlow_Setup» қолданбасын таңдаңыз.




Ескертпе

- «MusicFlow_Setup» желісі тізімде жоқ болса, қолжетімді Wi-Fi желілерін қайта іздеңіз.
- Смарт құрылғы «MusicFlow_Setup» желісіне қосылған кезде интернетті пайдалана алмайсыз.


9. Желіге құпия сөз орнатқан болсаңыз, смарт құрылғыда қауіпсіздік экраны пайда болады. Құпия сөзді енгізіңіз.




10. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.



11. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.



12. Қосылымды аяқтау үшін [Complete] белгішесін таңдаңыз.



Ескертпе

Динамик желіге қосылмаса немесе желілік байланыс дұрыс емес жұмыс істесе, динамикті маршруттауышқа жақынырақ қойып, әрекетті қайталаңыз.

Желілік байланыс туралы ескертпелер

- Орнату кезіндегі көптеген желілік байланыс мәселелерін маршруттауышты қайта орнату арқылы шешуге болады. Динамикті үй желісіне қосқаннан кейін үй желісі маршруттауышын немесе кабель модемін дереу өшіріңіз және/немесе қуат кабелін ажыратыңыз. Содан кейін, оны қосыңыз және/немесе қуат сымын қайта жалғаңыз.
- Біздің компания ұшқыр интернет байланысына немесе өзге жалғанған жабдыққа қатысы бар байланыс қателері/ақаулары салдарынан орын алған динамиктің және/немесе интернет байланысы мүмкіндігінің ақауына жауапты емес.
- Сымсыз желі сымсыз телефон, **Bluetooth** құрылғылары, микротолқындық пеш сияқты басқа тұрмыстық құрылғылар да пайдаланатын 2,4 ГГц радио жиілігінде жұмыс істейді.
- Жергілікті үй желісіндегі барлық пайдаланылмайтын желілік жабдықты өшіріңіз. Кейбір құрылғылар желілік трафик тудыруы мүмкін.
- Динамик желіге қосылмаса немесе желілік байланыс дұрыс емес жұмыс істесе, динамикті маршруттауышқа жақынырақ қойып, әрекетті қайталаңыз.
- Үй желісінің ортасына және сымсыз маршруттауыш өнімділігіне байланысты динамикті сымсыз маршруттауышқа қосу дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Динамикті SSID жасырған сымсыз маршруттауышқа қоса алмайсыз.
- Егер сіз басқа қолданбаны таңдасаңыз немесе қосылған динамиктің параметрін «Music Flow Player» қолданбасы арқылы өзгертсеңіз, сіз орнатқан байланыс ажырауы мүмкін. Мұндай жағдайда, қосылым күйін тексеріңіз.
- Тіпті Music Flow Player қолданбасы қосылғаннан кейін де музыка смарт құрылғыдан ойнатыла алады. Мұндай жағдайда ойнату экранында қосылған динамикті таңдаңыз.

- Желінің жылдамдығына байланысты онлайн мазмұнды ойнату дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сымсыз сигнал кедергісі желінің ажыратылуына немесе ойнатудың тоқтауына себеп болуы мүмкін.
- Жол жоспарлағышты қайта қоссаңыз, динамиктің қуатын өшіру керек.
- Егер жаңа жол жоспарлағыш орнатсаңыз, динамик үшін зауыттық орнатуды орындау және желі байланысын орнатуыңыз керек.
- Егер қатынас нүктесі не сымсыз маршруттауыштың SSID атауы үшін ағылшын алфавитінен басқа таңбаларды немесе сандарды пайдалансаңыз, ол басқаша көрсетілуі мүмкін.

Динамиктерді үй желісіне қосу (Қосымша)

Музыканы бірнеше динамик және бір смарт құрылғы арқылы тыңдауға болады.

Талаптар


- Сымсыз маршруттауыш
- Смарт құрылғы (Android немесе iOS)
- Басқа динамик

Ескертпе


Сигнал берілсе, ойнату тоқтауы мүмкін.

LAN кабелі арқылы қосалқы динамикті сіздің желіңізге қосу


Байланысқа шолу



1. Динамикті (Негізгі) желіге қосыңыз. 22-беттегі «Динамикті үй желісіне қосу» бөлімін қараңыз.
2. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын таңдаңыз. ☰ түймесін басыңыз.



3. Бүйірлік мәзірінде [Add Speaker] опциясын таңдаңыз.




Ескертпе

Сіз [Connected Speakers] экранындағы ⊕ түймешесін қолдану арқылы тағы басқа бір динамикті қоса аласыз.


4. Қажетті құрылғыны электр желісіне қосып, [Next] түймесін басыңыз.




5. Сіз қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.




6. Экранда [Wired connection] опциясын таңдаңыз.




7. LAN кабелінің бір ұшын динамиктің ETHERNET портына жалғаңыз және екінші ұшын сымсыз маршруттауышқа жалғаңыз.
   Жарық диод индикаторы жыпылықтағаны тоқтап, ақ түсте жанып тұруын күтіңіз.




8. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.




9. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] белгішесін таңдаңыз.




Wi-Fi орнату тәсілі арқылы қосалқы динамикті желіге қосу



1. Динамикті (Негізгі) желіге қосыңыз. 22-беттегі «Динамикті үй желісіне қосу» бөлімін қараңыз.
2. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын таңдаңыз. ☰ түймесін басыңыз.




3. Бүйірлік мәзірінде [Add Speaker] опциясын таңдаңыз.



Ескертпе

Сіз [Connected Speakers] экранындағы ⊕ түймешесін қолдану арқылы тағы басқа бір динамикті қоса аласыз.


4. Сіз қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.




5. Экранда [Wireless connection] опциясын таңдаңыз.




6. Динамиктің (Қосу) артқы жағындағы **ADD** түймесін басыңыз. Содан кейін желі күйінің жарық диоды қызыл түспен жанады.



7. Содан кейін экранда [Next] опциясын таңдаңыз.



8. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] белгішесін таңдаңыз.



Ескертпе

LAN кабелі арқылы қосылған дыбыс панелі (Негізгі) мен қосылатын динамик (Қосу) арасындағы қашықтық тым үлкен болса, динамиктер қосылмауы мүмкін.


Желі көпірін пайдалану

Bridge (R1) динамиктердің пайдалану ауқымын кеңейтеді. Оны пайдаланғыңыз келсе, бөлек сатып алыңыз.

Негізгі құрылғы ретінде (үй маршруттауышына сыммен қосылған) пайдалану


Маршрутизаторға сымды байланысы бар динамик жоқ болса

Сымды режим арқылы байланысқан кез келген динамик орналасқан орны үй маршруттауышынан өте алыс арақашықтықта орналасса, LAN кабелі арқылы **Bridge (R1)** үй маршруттауышына қосыңыз.




1. **Bridge (R1)** артындағы қуат сымын қуат портына бекітіңіз және содан соң қуат сымын электр розеткасына қосыңыз.


2. **Bridge (R1)** алдындағы электрлік жарық диоды қосылады. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын таңдаңыз. ☰ түймесін басыңыз.




3. Бүйірлік мәзірінде [Add Speaker] опциясын таңдаңыз.



4. [Bridge] белгішесін таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.




5. Music Flow Player қолданбасында нұсқауларды орындау арқылы **Bridge (R1)** мен LAN сымының маршрутизаторын жалғаңыз. желі күйінің жарық диоды жыпылықтауды тоқтатып, ақ түс болғанға дейін күте тұрыңыз.



Және содан соң [Next] түймесін таңдаңыз.

6. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] белгішесін таңдаңыз.




7. Бағанды **Bridge** (R1) жалғаңыз. 33-беттегі «Динамиктерді үй желісіне қосу (Қосымша)» бөлімін (қосымша) қараңыз.


Сымсыз ұлғайту құралы ретінде пайдаланыңыз

Маршрутизаторға сымды байланысы бар кем дегенде бір динамик бар болса


Сіз Music Flow ұялы желінің әрекет ету аймағын ұлғайтуды қаласаңыз, **Bridge (R1)** үй желісіне қосыңыз.




1. **Bridge (R1)** артындағы қуат сымын қуат портына бекітіңіз және содан соң қуат сымын электр розеткасына қосыңыз.
2. **Bridge (R1)** алдындағы электрлік жарық диоды қосылады. Смарт құрылғыңызда Music Flow Player қолданбасын таңдаңыз. ☰ түймесін басыңыз.



3. Бүйірлік мәзірінде [Add Speaker] опциясын таңдаңыз.




4. [Bridge] белгішесін таңдаңыз және экранда [Next] белгішесін түртіңіз.




5. [Wireless connection] таңдаңыз және содан соң экрандағы [Next] түймесін түртіңіз.



6. Music Flow Player қолданбасындағы нұсқауды орындаңыз және экрандағы [Next] түймесін түртіңіз.



7. Қосылымды аяқтау үшін [Finish] белгішесін таңдаңыз.



8. Бағанды **Bridge** (R1) жалғаңыз. 33-беттегі «Динамиктерді үй желісіне қосу (Қосымша)» бөлімін (қосымша) қараңыз.

ДК үшін медиа серверін пайдалану

Медиа серверінің бағдарламалық жасақтамасы пайдаланушыларға медиа серверінде сақталған аудио файлдарына қол жеткізіп, оларды динамикпен үй желісі арқылы тыңдауға мүмкіндік береді.

Файлды ойнату үшін ДК-ге қоспас бұрын медиа серверінің бағдарламалық жасақтамасын ДК-ге орнату керек.

Ескертпе

Сымсыз желі ортасы маршруттауыш көмегімен үйіңізге орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- **Windows : Music Flow PC Software**
- **Mac OS : Nero MediaHome 4 Essentials**

Windows операциялық жүйесіне арналған Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы

Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы туралы ақпарат

Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы медиа серверінде (ДК) сақталған аудио файлдарын динамик арқылы тыңдауға мүмкіндік береді.

Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасын жүктеу

1. Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін «Setup.exe» файлын мұрағаттан шығарып, екі рет басыңыз. Орнату дайындалады және орнату шебері пайда болады.
2. Экранда пайда болған орнату шеберінің нұсқауларын орындаңыз.
3. Орнатуды аяқтау үшін [Exit] түймесін басыңыз.

Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасын орнату

1. Орнатудан бұрын барлық істеп тұрған бағдарламаларды, оның ішінде брандмауэр және вирусқа қарсы бағдарламаларды жабыңыз.
2. Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін «Setup.exe» файлын мұрағаттан шығарып, екі рет басыңыз. Орнату дайындалады және орнату шебері пайда болады.
3. Экранда пайда болған орнату шеберінің нұсқауларын орындаңыз.
4. Орнатуды аяқтау үшін [Exit] түймесін басыңыз.

Ескертпе

- ДК-ге Music Flow бағдарламалық жасақтамасын орнату кезінде, ДК-дегі желі қорғанысының жүйелері мен антивирус бағдарламаларын жабуға болады.
- Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы - осы динамикпен файлдарды және қалталарды бөлісуге ғана арналған реттелген бағдарламалық жасақтаманың шығарылымы.
- Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы туралы толық түсіндірме қажет болса, басты мәзірдегі сұрақ белгішесін басыңыз.

Жүйе талаптары (Windows PC)

- ОП : Intel® 2.0 GHz немесе AMD Sempron™ 2000+ процессорлары
- Жад : 1 ГБ бос ЖЖҚ
- Бейнекарта : 64 МБ бейне жады, ең төменгі ажыратымдылығы 1024 x 768 пиксель және түс параметрлері 16 бит
- Дискідегі бос орын : 200 МБ
- Windows® XP (Service Pack 2 немесе одан жоғары), Windows Vista®, Windows® 7, Windows® 8.0, Windows® 8.1, Windows® 10
- Windows® Media Player® 11.0 немесе одан жоғары
- Желілік орта: 100 МБ Ethernet, WLAN

Музыка файлдарымен бөлісу

Музыка файлдарын динамик арқылы ойнату үшін компьютеріңізде музыка файлдары бар қалтамен бөлісуіңіз қажет.

Бұл бөлімдерде компьютердегі ортақ қалталарды таңдау реті түсіндіріледі.

1. «Music Flow PC Software» белгішесін екі рет басыңыз.
2. Экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы [✱] белгішесін басыңыз. Параметрлер мәзірі пайда болады.
3. Бөлісетін файл мәзіріне оралу үшін параметрлер мәзірінде сол жақтағы [🗀] белгішесін басыңыз.
4. [Browse Folder] терезесін ашу үшін бөлісетін файл мәзірінде [🗀] белгішесін басыңыз.
5. Ортақ пайдаланғыңыз келетін файлдарды қамтитын қалтаны таңдаңыз. Таңдалған қалта ортақ қалталардың тізіміне қосылады.

Mac OS операциялық жүйесіне арналған Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламалық жасақтамасы

Nero MediaHome Essentials бағдарламалық жасақтамасы туралы ақпарат

Nero MediaHome 4 Essentials – компьютерде сақталған бейне, аудио және фотосурет файлдарын осы динамикпен сандық медиа сервері ретінде бөлісуге арналған бағдарламалық жасақтама.

Nero MediaHome Essentials бағдарламалық жасақтамасын жүктеу

1. Компьютеріңізді іске қосып, http://www.lg.com веб-торабына кіріңіз. Қажет болса, аймағыңызды таңдаңыз.
2. Қолдау қойындысын нұқыңыз.
3. Іздеу жолағына пайдаланушы нұсқаулығының мұқабасындағы үлгі атауын толтырыңыз.
4. «Nero MediaHome 4 Essentials» файлын тауып, жүктеп алыңыз.

Nero MediaHome Essentials бағдарламалық жасақтамасын орнату

1. Орнатудан бұрын барлық істеп тұрған бағдарламаларды, оның ішінде брандмауэр және вирусқа қарсы бағдарламаларды жабыңыз.
2. Nero MediaHome.dmg файлын ашыңыз және екі рет басыңыз, Nero MediaHome терезесінде, терезе ішіндегі Nero MediaHome белгішесін Өтініштер қалтасына не кез келген қалаған басқа орынға сүйреңіз.
3. Экранда пайда болған орнату шеберінің нұсқауларын орындаңыз.
4. Орнатуды аяқтау үшін [Exit] түймесін басыңыз.

Жүйе талаптары (Macintosh)

- Mac OS X 10.5 (Leopard) немесе 10.6 (Snow Leopard)
- Intel x86 процессорымен Macintosh компьютері
- Қатты дискідегі бос орын: Nero MediaHome оқшау бағдарламалық жасақтамасын әдеттегідей орнатуға арналған қатты дискідегі бос орын 200 МБ
- Жад: 256 МБ ЖЖҚ

Музыка файлдарымен бөлісу

Музыка файлдарын динамик арқылы ойнату үшін компьютеріңізде музыка файлдары бар қалтамен бөлісуіңіз қажет.

Бұл бөлімдерде компьютердегі ортақ қалталарды таңдау реті түсіндіріледі.

1. «Nero MediaHome 4 Essentials» белгішесін екі рет басыңыз.
2. Сол жақтағы [Network] белгішесін басыңыз да, [Network name] өрісінде желі атауын белгілеңіз. Енгізілетін желі атауын ойнатқыш танитын болады.
3. Сол жақтағы [Shares] белгішесін нұқыңыз.
4. [Shares] экранындағы [Local Folders] белгішесін басыңыз.
5. [Add] белгішесін басып, [Browse Folder] терезесін ашыңыз.
6. Ортақ пайдаланғыңыз келетін файлдарды қамтитын қалтаны таңдаңыз. Таңдалған қалта ортақ қалталардың тізіміне қосылады.
7. Серверді іске қосу үшін [Start Server] белгішесін басыңыз.

Ескертпе

Желілік диск ортақ қалта параметрін теңшей алмайды.

Music Flow Player қолданбасы арқылы музыка тыңдау

Music Flow Player қолданбасымен смарт құрылғыда музыканы ойнатуға болады.

Ескертпе


- Music Flow Player қолданбасы туралы қосымша толық ақпарат алу үшін қосымша мәзірде [Settings] > [General] опциясына өтіп, [User Guide] функциясын іске қосыңыз.
- Осы бөлімдегі кейбір мазмұн қолданба нұсқасына байланысты Music Flow Player қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Дайындау

1. Желінің динамикпен байланысын тексеріңіз. (22-бет)
2. Динамикті пайдалану үшін Music Flow Player қолданбасын жүктеп, орнатуыңыз қажет. (20-бет)

Home (Басты бет) мәзіріне шолу

Смарт құрылғыдағы Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. [Home] мәзірі пайда болады.




1	**Мәзір түймесі** – Қосымша мәзір жолағын көрсетеді.
2	**My Songs** – Телефондағы музыканың тізімін көрсетеді.
3	**Streaming Services** – Онлайн қызметтерді көрсетеді. Радио және музыканы онлайн режимінде тыңдауға болады.
4	**Favorites** – Таңдаулы әндерді көрсетеді
5	**Most Played** – Осы динамикте көп ойнатылатын әндерді көрсетеді.
6	**My Playlists** – Ойнату тізімдерін көрсетеді.
7	**Timeline** – Осы динамикте ойнатылған әндерді көрсетеді.
8	**Іздеу** – Телефондағы музыканы іздейді.


Ескертпе

Құрылғының операциялық жүйесіне немесе «Music Flow Player» қолданбасының нұсқасына байланысты осы нұсқаулықтағы кейбір мағлұматтар өзгешеленуі мүмкін.

Онлайн ағындық қызметі тізімін жазыңыз.

1. Смарт құрылғыдағы Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. [Home] мәзірі пайда болады.
2. [EDIT] мәзірін таңдаңыз.





- Өзіндік бетте көруді қалаған онлайн қызметтің құсбелгісін таңдаңыз.
- Онлайн қызмет тәртібін өзгерту үшін жоғары немесе төмен қарай сүйреңіз.
- ┼ түймесін түртіп, онлайн қызметтерді қосыңыз.

  Android құрылғысы болса, құрылғыдағы орнатылған қолданбаларға онлайн қызметтерді қоса аласыз. Қосылған қолданбаны таңдасаңыз, қолданба Bluetooth жұптастыру әрекетінің барысында іске қосылады.


  iOS құрылғысында, қосылған бағдарламаны қосқан кезде, Bluetooth қосылымын өз бетімен орнату қажет.

Ескертпе


Көрсетілетін Онлайн-Трансляция қызметтері сіздің аймағыңызға байланысты өзгереді.

Қосымша мәзірге шолу

1. Смарт құрылғыдағы Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. [Home] мәзірі пайда болады.
2. ≡ түймесін басыңыз.



3. Қосымша мәзір пайда болады.




1	**Home** – Home (Басты бет) мәзірін көрсетеді.
2	**My Phone** – Осы смарт құрылғыдағы әндерді көрсетеді.
3	**Music Server** – Қосылған құрылғылардағы (Медиа сервері) әндерді көрсетеді.
4	**Streaming Services** – Онлайн қызметтерді көрсетеді. Радио және музыканы онлайн режимінде тыңдауға болады.


5	**Chromecast enabled apps** – Chromecast-тағы қолжетімді қосымшаларды бейнелейді.
6	**Connected Speakers** – Қосылған динамикті көрсетеді.
7	**Add Speaker** – Динамикті орнату экранына өтеді.
8	**Settings** – Параметрлер мәзірін көрсетеді.

Әнді ойнату


1. Смарт құрылғыдағы Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз. [Home] мәзірі пайда болады.
2. ☰ түймесін басыңыз.




3. Қосымша мәзір пайда болады. Қосымша мәзірде [My Phone] опциясын таңдаңыз.



4. Қажетті альбомды таңдаңыз.




5. Қажетті әнді таңдаңыз. Содан кейін қажетті ән көрсетіледі және ойнатылады.



Ескертпе

Динамик таңдалмаса, динамикті таңдау ашылмалы мәзірі пайда болады. Қажетті динамикті таңдаңыз.



Ойнату тізімін басқару

Альбом экранында қажетті әннің [⋮] белгішесін басыңыз. Ашылмалы мәзір пайда болады.



1	**Play next** – Келесі ойнататын әнді таңдайды.
2	**Add to queue** – Кезек тізіміне қосады.
3	**Add to playlist** – Қажетті ойнату тізіміне қосады.

Ескертпе

Сымсыз ортаға байланысты әнді динамик арқылы ойнату дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Ойнату мүмкіндігіне шолу

Ойнату экранында әртүрлі ақпаратты растауға және баптауға болады.



1	Музыка ойнап тұрған динамикті көрсетеді.
2	Ағымдағы ойнатылып жатқан музыканы көрсетеді. - Қажетті мазмұнды қайталайды. Осыны әр басқан кезде күй (Біреуін қайталау) - (Барлығын қайталау) - (Қайталамау) реті өзгереді. - Тізімдегі музыка ретін араластырады. Музыка кездейсоқ ретпен ойнатылады.
3	Ойнату мүмкіндігін реттейді. - Дыбыс деңгейін реттейді. - Ойнатуды кідіртеді. / - Жылдам кері не жылдам алға өту. - Дыбыс әсерін реттейді.
4	⋮ белгішесін бассаңыз, әртүрлі опция пайда болады. - Музыканы [Favorites] тізімінде сақтайды. [Favorites] тізімін [Home] қойындысынан табуға болады. - Музыканы [My Playlist] опциясына қосады.
5	- Ағымдағы ойнату тізімін өңдейді. - Ойнататын динамикті таңдайды. - Музыка мәзірін көрсетеді.

Ескертпе


қолдану арқылы, әр топталған динамиктердің дыбыс деңгейін бақылауға және олардың арнасын [Surround], [Left] немесе [Right] өзгертуге болады. (46-бет)

Дыбыс әсерін таңдау


Бұл динамикте бірнеше алдын ала орнатылған көлемді дыбыс өрістері бар. [] белгішесін басу арқылы қажетті дыбыс режимін таңдауға болады.

Көрсетілген элементтер, эквалайзерге дыбыс қайнар көздері мен әсерлеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

1. Ойнату кезінде [] белгішесін төмендегідей басыңыз.



2. < немесе > белгішесін басыңыз.



Әртүрлі дыбыс әсерлерін таңдауға болады.

Дыбыс әсері	Сипаттама
Standard	Оңтайландырылған дыбысты тыңдай аласыз.
Music	Жайлы да табиғи дыбысты тыңдап рахаттана аласыз.
Cinema	Сіз иммерсивті және кинематографиялық көлемді дыбыспен рахаттана аласыз.
Flat	Теңгерілген дыбысты қамтамасыз етеді.
Boost	Дыбысты күшейту үшін орташа ауқымды арттырады.
Treble / Bass	Жоғары жиілікті және басты күшейтеді.
	Жоғары және төмен жиілік мәнін орнатуға болады. Орнатылған мән жалпы дыбысқа әсер етеді.

Ескертпе

- Әндерді смарт құрылғы динамигі арқылы ойнатқан кезде дыбыс эквалайзері жұмыс істемейді.
- Қашықтан басқару құралындағы **SOUND EFFECT** түймесі арқылы қажетті дыбыс режимін таңдауға болады.
- Кейбір көлемді дыбыс режимдерінде, кейбір динамиктерде еш дыбыс не төмен дыбыс жоқ. Ол көлемді дыбыс режимі мен аудио көзіне байланысты және ол ақауланған емес.
- Кіріс көзін, кейде тіпті тректі ауыстырғаннан кейін, дыбыстық режимді қайта орнату қажет болуы мүмкін.


Музыканы тыңдаудың түрлі жолдары

Музыканы тыңдаудың бірқатар жолдары бар : топтық, көлемді және бірқалыпты ойнату.

Ескертпе

Топтық ойнату немесе көлемді ойнатуды тыңдағыңыз келсе, LAN кабелімен кемінде бір динамикті жалғау ұсынылады. Барлық динамиктер сымсыз байланыс арқылы қосылған кезде, динамикті қосу параметрін өзгерту үшін, динамиктердің бірін қосқаннан кейін, барлық динамикті қалпына келтіріп, оларды қайта қосыңыз.


Сымсыз қосылым жағдайында ойнатудың бірқалыптылығы орнатылған динамиктің орнына байланысты болады. Динамиктерді маршруттауыштан аз қашықтықта орнатыңыз. Топтық ойнату ырғақты болу үшін немесе сымсыз ойнату үшін 802.11n арқылы қолдау көрсетілетін маршруттауышты пайдалану ұсынылады. Мұндай жағдайда, маршруттауыштың қауіпсіздік режимінің параметрін OPEN немесе AES күйіне орнатыңыз.




Топтық ойнату

Music Flow Player қолданбасына байланысқан бірнеше динамикті топтастырып, барлық қосылған динамиктер арқылы бір музыканы бір топта ойнатуға болады.


1. Music Flow Player қолданбасының қосымша мәзірінде [Connected Speakers] опциясын таңдаңыз.




2. Қосылған динамиктер пайда болады. Қажетті ән ойнатылып жатқан динамикте [ ] белгішесін таңдаңыз.



3. Топтастыру опциясы пайда болады. Қай динамикпен ойнатқыңыз келсе, соған құсбелгі қойыңыз. Содан кейін [OK] түймесін таңдаңыз.



4. Динамиктер топтық ойнату үшін дайын.




Ескертпе

- Егер динамиктер топтастырылмаса, әрбір динамикте әртүрлі музыка тамашалайсыз.
- Ойнату функциясы дұрыс жұмыс істеу үшін 5 құрылғыдан аз жалғау ұсынылады.
- Динамиктер мен сымсыз маршруттауыш арасындағы қашықтық үлкен болуына байланысты шығатын жай сигнал мен сигнал кедергісі дұрыс емес ойнатуға әкелуі мүмкін.
- Сымсыз ортаға байланысты топтастыру әрекеті бұзылуы мүмкін.
- Топтық ойнату ырғақты болу үшін негізгі динамик ретінде LAN кабелі арқылы қосылған динамикті таңдау ұсынылады. Егер сымсыз байланыс қосылған негізгі динамик орнатылса, сымды байланыс қосылған динамиктен жақын орналастырылады.


Айналадағы дыбыс режимі (Үй кинотеатры режимі)

Үй кинотеатры жүйесімен рақаттану үшін, LG MUSICflow дыбыстық панелін желіңізге қосыңыз және оны LG MUSICflow динамиктерімен үйлестіріңіз.


1. Music Flow Player қолданбасының қосымша мәзірінде [Connected Speakers] опциясын таңдаңыз.



2. Қосылған динамиктер пайда болады. Динамиктен [◎] белгішесін таңдаңыз.



3. Көлемді орта опциясы пайда болады. Қосылған динамиктерді түрту арқылы сол және оң жақ динамиктерді таңдаңыз. Содан кейін [OK] түймесін таңдаңыз.



4. Динамиктер көлемді ойнатуға дайын.



Ескертпе

- Бірдей үлгілерге көлемді динамиктерді орнату ұсынылады.
- Динамиктер мен сымсыз маршруттауыш арасындағы қашықтық үлкен болуына байланысты шығатын жай сигнал мен сигнал кедергісі дұрыс емес ойнатуға әкелуі мүмкін.
- Сымсыз ортаға байланысты топтастыру әрекеті бұзылуы мүмкін.
- Біркелкі ойнатылу үшін LAN кабелі арқылы жалғанған динамикті негізгі динамик ретінде таңдау ұсынылады. Егер сымсыз байланыс қосылған негізгі динамик орнатылса, сымды байланыс қосылған динамиктен жақын орналастырылады.
- Үй кинотеатрының режимін Music Flow Player қолданбасынсыз қолдану үшін, төмендегі әрекеттерді орындаңыз.
  1. Дыбыстық панельді жалғау
  2. Дыбыс панелін үй желісіне жалғаңыз. (сымды немесе сымсыз)
  3. Артқы динамиктерді жалғаңыз.
  4. Артқы динамиктерді үй желісіне жалғаңыз. (сымды немесе сымсыз)
  5. Дыбыс панеліндегі (Жалғау) түймесін басыңыз. Дыбыс панелі сигнал береді және дисплей терезесінде [HOME CINEMA READY] көрсетіледі.
  6. Сол жақ артқы динамикте (Жалғау) түймесін басыңыз және бірнеше секунд күте тұрыңыз.
  7. Сол жақ артқы динамик қосылғаннан кейін, оң жақ артқы динамиктегі (Жалғау) түймесін басыңыз.
- Егер үй кинотеатрының режимі сатып алынған өнімге теңшелсе, динамикті соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.
- Динамиктерді орнату мүмкін болмағанда, әр динамиктің желіге қосылымын тексеріңіз. Егер динамиктер үй желісіне қосылмаған болса, “Динамикті үй желісіне қосу” мақаласын қараңыз.

Бірқалыпты ойнату


Ойнатылып жатқан динамикті смарт құрылғыдан немесе динамиктен басқа динамикке кідіріссіз оңай ауыстыруға болады.

Бірқалыпты ойнатуды пайдалану үшін, Auto Music Play функциясын Қосу түймесіне ауыстыру керек. (54-бет)

Ескертпе

- Смарт құрылғысын үйден алып шыққан кезде қолдау көрсетілмейді.
- Смарт құрылғыдағы Wi-Fi функциясы қосулы болуы қажет.
- Портативті құрылғы және Bluetooth мүмкіндігі бастапқы көз болып табылса, бірқалыпты ойнатуға қолдау көрсетілмейді. (Медиа сервері және ағын қызметіне қолдау көрсетіледі).
- Онлайн ағындық қызметі жағдайында, тыңдалып жатқан музыка басынан бастап ойнайды.
- Бірқалыпты ойнату кезінде әр динамик өзіндегі бар дыбыс деңгейінің мәнін сақтайды. Егер музыка ойнату кезінде динамикадан ешқандай дыбыс шықпаса, қосулы динамиктің дыбыс деңгейі 0-ге орнатылғанын тексеріңіз.

Ойнатылып жатқан динамикті смарт құрылғыдан динамикке ауыстыру



1. Смарт құрылғының музыкасы даладан қосылған динамик орналасқан бөлмеге қарай ойнатылса, қай динамик арқылы музыканы ойнатқыңыз келетінін сұрау үшін смарт құрылғыда ашылмалы терезе пайда болады.
2. Ашылмалы тізімнен динамикті таңдаңыз, тыңдап жатқан музыка кідіріссіз ойнатылады.

Динамикті Music Flow Player қолданбасымен орнату

Music Flow Player қолданбасымен қосылған динамикті смарт құрылғыңызға орнатуға болады.

Ескертпе


- Music Flow Player қолданбасы туралы қосымша толық ақпарат алу үшін қосымша мәзірде [Settings] > [General] опциясына өтіп, [User Guide] функциясын іске қосыңыз.
- Осы бөлімдегі кейбір мазмұн қолданба нұсқасына байланысты Music Flow Player қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Дайындау

1. Желінің динамикпен байланысын тексеріңіз. (22-бет)
2. Динамикті пайдалану үшін Music Flow Player қолданбасын жүктеп, орнатуыңыз қажет. (20-бет)

Параметрлер мәзіріне шолу

1. Смарт құрылғыдағы Music Flow Player қолданбасын іске қосыңыз.
2. Қосымша мәзірде [Settings] опциясын таңдаңыз.



1	**General** – Динамикті оңайырақ пайдалану үшін орнатады.
2	**Speakers** – Қосылған динамикті орнатады.
3	**Alarms/Sleep Timer** – Белгіленген уақытта динамикті қосады және өшіреді.
4	**Account Management** – Онлайн ағынмен қызмет көрсетуді қолдайды.
5	**Time zone** – уақыт белдеуін орнатады.
6	**Advanced settings** – қосымша параметрлер мәзірін көрсетеді. (53-бет)
7	**Chromecast –** Chromecast мәзірін бейнелейді.
8	**Version Info.** – Динамикті соңғы нұсқасына жаңартады.
9	**Open source licenses** – LGE корпорациясының тегін бағдарламалық жасақтама бойынша ескертпесін көрсетеді.

[General] мәзірі

Динамикті оңайырақ пайдалану үшін орнатады.

Lock Screen Setting (Тек Android)

Бұл функция құлыптау экранында Music Flow Player қолданбасын көрсетуге мүмкіндік береді. (Құлыптау экранының параметрі әдепкі бойынша [ON].)

Ескертпе

[Lock Screen Setting] параметрі Android қолданбасының нұсқасына байланысты Music Flow Player қолданбасынан өзгешеленуі мүмкін.

User Guide


Бұл функция мәзірдегі нұсқаулықты көрсетуге немесе жоюға мүмкіндік береді.

Gesture

Бұл функция қосулы болғанда, мобильді телефонды жай ғана сілку арқылы ойнатуды оңай жалғастыра аласыз.

[Speakers] мәзірі

Желіге қосылған динамиктерді баптауға болады.



1 **Rename** – Динамик атауын өзгертеді.

2 **Speaker LED** – Динамиктің жарық диоды индикаторын іске қосады немесе өшіреді.

3 **IP Info.** - Динамиктің IP мекенжайын көрсетеді.

4 **Compressed sound transmission** – Аудио көзін қысу процесін желі күйі бойынша реттейді.

5 **DRC** - DRC функциясын қосады немесе өшіреді. (57-бет)

6 **Night** – Түнгі режим функциясын қосады немесе өшіреді. (59-бет)

7 **Auto Volume On/Off** – Автоматты дыбыс деңгейі функциясын қосады немесе өшіреді. (59-бет)

8 **AV Sync** – Аудио және бейне синхрондалуын реттейді. (57-бет)

9 **Woofer level** – Төмен жиілікті динамик деңгейін реттейді. (59-бет)

10 **Auto Display On/Off** – Автоматты түрде көрсету функциясын қосады немесе өшіреді.

11 **Auto Power On/Off** – Auto Power (Автоматты қуат) функциясын қосады немесе өшіреді. (59-бет)

12 **Bluetooth standby mode** – Bluetooth қызметінің күту режимін іске қосады немесе өшіреді.

13 **Connect SoundBar and TV** – теледидарға қосуға бағыттайды. (Оптикалық кабель (14-бет) немесе HDMI (15-бет) арқылы)

14 **Using the TV remote control** – Осы құралдың кейбір функцияларын ТД қашықтан басқару пультімен реттейді. (57-бет)

15 **Initialize** – Динамикті қайта орнатады.

16 **System version** – Ағымдағы жүйе нұсқасын көрсетеді.

17 **Share usage data** – Chromecast-тың жұмысына қатысты пайдалану мәліметтерін және бұзылуы туралы есептерді Google-ға жіберу немесе жібермеу керектігін таңдаңыз.

18 **Learn about Chromecast built-in Privacy** – Chromecast-тың құпиялық саясатын көрсетеді.

[Alarms/Sleep Timer] мәзірі

Динамикті белгіленген уақытта іске қосады және өшіреді.

Alarms


Динамик уақыт келгенде сізге хабарлайды.

	Таңдалған дабылды жояды.
	Жаңа дабыл қосады.


Sleep Timer

Динамикті автоматты түрде өшіру уақытын орнатады.

1. [Alarms/Sleep Timer] мәзіріндегі [Sleep Timer] функциясында таймерді орнату үшін динамик таңдаңыз.



2. Таңдалған динамикте қажетті таймерді орнатыңыз.



[Account management] мәзірі

Онлайн ағынмен қызмет көрсетуді қолдайды.

[Time Zone] мәзірі

Automatic Time zone

Бұл желі арқылы орнатылатын уақытты ұсынады.

Set Time Zone


Егер [Automatic Time zone] параметрінен белгіні алсаңыз, уақыт белдеуін өзіңіз таңдай аласыз.

[Advanced Settings] мәзірі

Mesh Network Channel

Егер сымсыз динамик қосылымымен бірге бірнеше динамиктер арқылы қалыпты ойнату немесе топтық ойнату бірқалыпты болмаса, желі жылдамдығын жақсарту үшін ұяшықты желі арнасын өзгертіңіз.

1. [Settings] -> [Advanced Settings] опциясын таңдаңыз.



2. [Mesh Network Channel] опциясын таңдаңыз.
   Арна туралы ақпарат енді көрсетіледі.



3. Өзгертілетін арнаны таңдаңыз.
4. Арна туралы ақпарат таңдалған арнаға жаңартылады.


Ескертпе

- Арнаны өзгерту барысында динамикті уақытша ажырату қажет.
- Арнаны динамик өшірулі болған кезде өзгерткен болсаңыз, оны қосып, қайта жалғаңыз.
- Арнаны өзгерткеннен кейін динамик желіге қосылмаса, динамикті қайта қосыңыз.

Mesh Network direct connection (Тек Android)

Смарт құрылғыны үй желісіне қосылған динамикке тікелей жалғауға болады.

Смарт құрылғыңыз үй желісіне қосылуды мүмкін етпейтін позицияда орналасқан кезде, [Mesh Network direct connection] тізімінде жақын динамикті таңдап, содан кейін смарт құрылғыны динамикке жалғаңыз.




Auto Music Play

Берілген құрылғыны смарт құрылғысынан немесе динамиктен басқа динамикке смарт құрылғысын қажетті динамикке жақындату арқылы оңай өзгертуге болады.


- Смарт құрылғы Bluetooth (BLE) функциясына қолдау көрсетуі қажет.
- Бұл функция смарт құрылғысының мүмкіндіктеріне және Wi-Fi желінің күйіне байланысты.
- Music Flow қолданбасындағы музыканы автоматты түрде ойнату опциясы қосулы болуы қажет.
- Бұл функция батарея қуатын көбірек тұтынуы мүмкін.

1. Music Flow қолданбасының Advanced settings (Кеңейтілген параметрлер) мәзіріндегі [Auto Music Play] опциясын қосыңыз.
2. Шамамен 1 секунд ойнату үшін, смарт құрылғыны LG Music Flow құрылғысына жалғаңыз.



Sensitivity Settings

Bluetooth(BLE) сезімталдығын реттеу үшін, динамик пен смарт құрылғы арасындағы «Музыканы автоматты ойнату» параметрін басқару қашықтығын орнатады.



- Смарт құрылғыны динамикке жақын орналастырыңыз. 5 см шегінде болуы ұсынылады.
- Жылжу жолағын [Close] деп аталатын шеткі сол жақ күйіне орнатыңыз.
- Жылжу жолағын ескерту пайда болғанша оң жаққа қарай ақырын жылжытыңыз.

Ескертпе

- Смарт құрылғы төмен қуатты **Bluetooth** (BLE) мүмкіндігіне қолдау көрсету керек.
- BLE технологиясына қолдау көрсету сипаттамалары android операциялық жүйесі жағдайында өндірушіге байланысты өзгешеленуі мүмкін.
- Қолдау көрсетілетін операция жүйесінің нұсқасы

Құрылғы	O/S
Android	Android 4.3 (немесе одан кейінгі)
Apple	iOS 7.1.2 (немесе кейінгі)

[Chromecast] мәзірі

Learn how to cast

Chromecast-ты қалай пайдалану керектігін көрсетеді.

Chromecast enabled apps

Chromecast-тағы қолжетімді қосымшаларды көрсетеді.

Cast Groups

Таңдалған ақпаратты көрсету үшін [Learn about Cast Groups] немесе [How to cast to a group] пәрменін басыңыз.

Ескертпе

Cast Group-ты пайдалану үшін Google Home қосымшасын орнатыңыз. Қосымшаны Apple App Store-дан немесе Google Play Store-дан жүктеп алыңыз.

Chromecast built-in open legal documents

Таңдалған ақпаратты көрсету үшін, [Google Terms of Service], [Google Privacy Policy] немесе [Open source license] тармағын таңдаңыз.

[Version Info.] мәзірі

Динамикті соңғы нұсқасына жаңартады.


App version info.

Ағымдағы қолданба нұсқасын көрсетеді.


Device version info.

Динамиктің орнатылған бағдарламалық жасақтамасын соңғы нұсқасына жаңартады.

1. Жаңарту қажет динамиктерді табыңыз және [⬇] белгішесін басыңыз.




2. Бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды бастайды.



[Open source licenses] мәзірі

LGE корпорациясының тегін бағдарламалық жасақтама бойынша ескертпесін көрсетеді.



Сымсыз Bluetooth технологиясын қолдану

Bluetooth туралы

Bluetooth® - қысқа ауқымды байланысқа арналған сымсыз байланыс технологиясы.

Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде немесе Bluetooth құрылғысын басқа бөлмелерде қосқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.

Bluetooth® сымсыз технологиясы арқылы жеке құрылғыларды қосу үшін ешқандай төлем алынбайды. Байланыс *Bluetooth*® сымсыз технологиясы арқылы жасалған болса, *Bluetooth*® сымсыз технологиясымен ұялы телефонды Cascade арқылы басқаруға болады.

Қолжетімді құрылғылар : Android құрылғысы, iOS құрылғысы

Bluetooth профильдері

Bluetooth сымсыз технологиясын пайдалану үшін құрылғылар белгілі профильдерді таратуы тиіс. Бұл динамик келесі профильмен үйлеседі.

A2DP (Кеңейтілген аудио тарату профилі)

Bluetooth құрылғыңыздан музыка тыңдау

Жұптастыру процедурасын бастамас бұрын смарт құрылғыңызда Bluetooth мүмкіндігі қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Жұптастыру әрекеті орындалғаннан кейін, оны қайталау қажет емес.

1. Қашықтан басқару пультіндегі FUNC түймесі немесе құрылғыдағы **F** түймесін функция таңдалғанша басып, Bluetooth функциясын таңдаңыз.
   Дисплей терезесінде «BT», содан кейін «BT READY» хабары шығады.
2. Bluetooth құрылғысын пайдаланып, қосақтау әрекетін орындаңыз. Осы динамикті Bluetooth құрылғысында іздеген кезде, табылған құрылғылардың тізімі Bluetooth құрылғысының түріне байланысты Bluetooth құрылғысының дисплейінде пайда болуы мүмкін. Динамик атауы мынадай түрде пайда болады: «LG HS7 (XX:XX) / LG LAS750M (XX:XX)».
3. «LG HS7 (XX:XX) / LG LAS750M (XX:XX)» опциясын таңдаңыз.

   Ескертпе

   - XX:XX мекенжайдың соңғы төрт санын білдіреді. Мысалы, егер құрылғының Bluetooth мекенжайы 9C:02:98:4A:BC сияқты болса, Bluetooth құрылғысында «LG HS7 (XX:XX) / LG LAS750M (XX:XX)» жазуы көрсетіледі.
   - Bluetooth құрылғысының түріне байланысты, кейбір құрылғылардың әр түрлі қосақтау жолдары болады. Қажетінше PIN кодын (0000) енгізіңіз.
4. Осы құрылғы Bluetooth құрылғыңызбен сәтті қосылып тұрғанда, дисплей терезесінде «PAIRED» хабары пайда болады.
5. Музыканы тыңдау.

   Bluetooth құрылғысында музыканы ойнату үшін Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

   Bluetooth құрылғыңыздың дыбыс деңгейіне бойынша Bluetooth дыбыс деңгейі бапталады.

Ескертпе

- *Bluetooth*™ технологиясын пайдаланған кезде құрылғы мен Bluetooth құрылғысының арасындағы байланысты барынша жақын етіп және қашықтықты сақтауыңыз керек. Бірақ төмендегідей жағдайда ол жақсы жұмыс істемеуі мүмкін :
  - Құрылғы мен Bluetooth құрылғысының арасында бөгет бар.
  - *Bluetooth*® технологиясымен бірдей жиілікті пайдаланатын медициналық жабдық, микротолқынды пеш не LAN құрылғысы сияқты құрылғы бар.
- Бұл құрылғы Bluetooth автоматты түйіндесуді қолдайды. Дегенмен терезе төменде көрсетілген жағдайларда қолданылмайды:
  - Құрылғыны іске қайта қосқан кезде.
  - Құрылғыны өзіңіз ажыратқан кезде.
  - Құрылғыны жалғанған Bluetooth құрылғысынан ажыратқан кезде.
- Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.
- Bluetooth құрылғысын осы құрылғыға қосу мүмкін емес.
- Жұптастыру бір Bluetooth® құрылғысымен шектелген. Бірнеше құрылғымен жұптастыруға қолдау көрсетілмейді.
- Құрылғы түріне байланысты Bluetooth функциясын пайдалана алмайсыз.
- Bluetooth® функциясын телефон, MP3, жазу кітапшасы, т.б. функцияларды пайдаланған кезде пайдалана аласыз.
- Құрылғы мен Bluetooth құрылғысының арасында қашықтық неғұрлым үлкен болса, дыбыс сапасы соғұрлым төмен болады.
- Құрылғы өшірілгенде және Bluetooth® құрылғысы құрылғыдан алыс тұрғанда Bluetooth® байланысы ажыратылады.
- Bluetooth® қосылымы үзілсе, Bluetooth® құрылғысын қайта қосыңыз.
- Bluetooth® құрылғысы қосылмаған болса, дисплей терезесінде «BT READY» жазуы пайда болады.

Басқа әрекеттер

DRC (Динамикалық ауқымды бақылау)

Дыбыс қаттылығы ақырын тұрған кезде, дыбысты неғұрлым анығырақ жасаңыз (тек Dolby Digital үшін). **DRC** опциясы арқылы [DRC ON] параметрін орнатыңыз.

AV Sync

Теледидардан аудио сигналдар алынған кезде, дыбыс пен сүрет сәйкес келмеуі мүмкін. Осы жағдайда, осы функция кідіріс уақытын реттей алады.

1. **AV SYNC** түймесін басыңыз.
2. Уақытты басқару үшін ◀◀ / ▶▶ опциясын пайдаланыңыз. Уақытты 0-300 мс арасында орнатуға болады.

Теледидардың қашықтан басқару пультін пайдалану

Осы құрылғының кейбір функцияларын тіпті басқа компанияның теледидарды қашықтан басқару пультімен басқаруға болады. Басқарылатын функцияларға дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету және дыбысты өшіру жатады.

Қашықтан басқару пультіндегі **INFO** түймесін басып, шамамен 3 секундқа ұстап тұрыңыз. Экранда «ON - TV REMOTE» жазуы шығады және оны теледидарды қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.

Функция күйін тексеру үшін **INFO** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл функцияны өшіру үшін **INFO** түймесін басып, ұстап тұрыңыз да, «ON - TV REMOTE» жазуы жылжып жатқан кезде тағы бір рет басыңыз.

Ескертпе

- Қолдау көрсетілген теледидар брендтері

LG	Panasonic	Philips	Samsung
Sharp	Sony	Toshiba	Vizio

- Теледидарыңыздың дыбыс шығарылымы [External speaker] параметріне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару пультіне байланысты бұл функция жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл функция HDMI CEC, SIMPLINK және LG Sound Sync сияқты кейбір теледидарды қашықтан басқару функциялары ON күйіне орнатылған жағдайда жұмыс істемеуі мүмкін.

Дыбысты уақытша өшіре тұру

Құрылғының дыбысын өшіру үшін (Дыбысты өшіру) түймесін басыңыз.

Дыбысты, мысалы, телефонға жауап беру үшін өшіре тұруға болады. Дисплей терезесінде «MUTE» белгісі көрсетіледі.

Оны жою үшін, қашықтан басқару пультінде қайтадан (Дыбысты өшіру) түймесін қайта басыңыз не дыбыс деңгейін өзгертіңіз.

Кіріс көзі туралы ақпаратты көрсету

INFO түймесінің көмегімен кіріс көзінің әр түрлі ақпараттарын көрсете аласыз.

OPTICAL/HDMI IN/PORTABLE : аудио пішімі, аудио арнасы

Автоматты түрде өшіру таймерін орнату

Уақыт орнатылған соң құрылғы өздігінен өшеді.

Кідірту уақытын 10-180 минут аралығында орнату үшін **SLEEP** түймесін бір немесе бірнеше рет басыңыз.

Қалған уақытты тексеру үшін **SLEEP** түймесін басыңыз.

Ұйқы функциясын өшіру үшін «SLEEP 10» жазуы көрсетілгенше **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз, одан кейін «SLEEP 10» жазуы көрсетілгенде **SLEEP** түймесін тағы бір рет басыңыз.

Ескертпе

Құрылғы өшкенге дейін қалған уақытты тексеріп тұруға болады. **SLEEP** түймесін басыңыз, дисплей терезесінде қалған уақыт пайда болады.

Автоматты қуаттың төмендеуі

Негізгі құрылғы сыртқы құрылғыға қосылмағанда және 20 минут бойы пайдаланылмаған жағдайда, бұл құрылғы электр қуатын үнемдеу үшін өзі өшіріледі.

Сондай-ақ ол негізгі құрылғы портативті кіріс арқылы құрылғы жалғанған болса, алты сағаттан кейін өшеді.

AUTO POWER (АВТОМАТТЫ ҚУАТ) функциясын қосу/өшіру

Бұл құрылғы келесі кіріс көзі арқылы автоматты түрде қосылады және өшіріледі : Оптикалық.

Осы құрылғыға жалғанған теледидарды немесе сыртқы құрылғы қосқан кезде бұл құрылғы кіріс сигналын таниды және оптикалық функцияны таңдайды. Дыбысты құрылғыңыздан ести аласыз.

Бұл функция **AUTO POWER** түймесін басқан сайын қосылады және өшіріледі.

Ескертпе

- Құрылғы AUTO POWER функциясының көмегімен қосылғаннан кейін, LG Sound Sync (Оптикалық) құрылғысы арқылы қосылған теледидардан біраз уақыт сигнал шығарылмаса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Құрылғы AUTO POWER функциясының көмегімен қосылғаннан кейін, сыртқы құрылғыдан біраз уақыт сигнал шығарылмаса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Егер сіз құрылғыны тікелей өшіретін болсаңыз, ол кейін AUTO POWER функциясы арқылы қосылмайды. Дегенмен, 5 минут сигнал болмағаннан кейін оптикалық сигнал берілсе, құрылғыны AUTO POWER функциясы арқылы қосуға болады.
- Қосылған құрылғыға байланысты бұл функция жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер функцияны автоматты өзгертуді пайдаланасаңыз, AUTO POWER, SIMPLINK функциялары өшірілуі керек. SIMPLINK функциясын қосу немесе өшіруге шамамен 30 секунд кетеді.

Дыбысты реттеу

Дыбыс деңгейі автоматты түрде таңдалады.

Осы құрылғы Автоматты түрде Дауысты баптау функциясын қамтамасыз ету себебінен дауыс деңгейін реттеуге болады.

Егер дыбыс тым қатты немесе тым ақырын болса, онда қашықтан басқару пультіндегі **AUTO VOL** түймесін басыңыз. Осылайша сіз қажетті деңгей төңірегінде дауысты баптау арқылы лəззат аласыз.

Бұл функцияны болдырмау үшін түймені қайта басыңыз; экранда «ON» жазуы көрінеді.

Жоғары жиіліктер/Бас/ Сабвуферді реттеу

Жоғары дыбыстық жиіліктің, төменгі дыбыстық жиіліктің және сабвуфердің дыбыс деңгейлерін қалағаныңыздай реттеуге болады.

TREBLE/BASS : -5 дБ - 5 дБ

SUBWF (Сабвуфер) : -20 дБ - 6 дБ

1. TREBLE, BASS немесе SUBWF (Сабвуфер) параметрлерін таңдау үшін түймесін қайталап басыңыз.
2. Дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOL +/—** түймесін басыңыз.

Түнгі режим

Дыбыс қарқындылығын азайту және анықтылық пен жұмсақтықты жақсарту үшін түнгі режимді On (Қосулы) күйіне орнатыңыз.

Қашықтықтық басқару пультінде түймесін басыңыз. Осылайша түнгі режимді белсендіруге болады. Мұны болдырмау үшін түймесін қайта басыңыз.

Күту режимі

Музыка ойнатылмаса немесе ешқандай түйме пайдаланылмаса, динамик күту режиміне ауысады.

Күту режимі

1-опция.

Егер желі ажыратылған болса, музыка ойнатылмаса және түйме 20 минут бойы жұмыс істемесе, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін дисплей терезесінде «GOOD BYE» жазуы шығып, құрылғы жарық диодының индикаторы қызыл түспен жанады.

2-опция.

Құрылғыдағы ⏻/I түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін шамамен 3 секундқа басып, ұстап тұрсаңыз, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін дисплей терезесінде «GOOD BYE» жазуы шығып, құрылғы жарық диодының индикаторы қызыл түспен жанады.

Желінің күту режимі

1-опция.

Желі қосылғанда, бірақ музыка ойнатылмаса және түймелер 20 минут бойы басылмаса, динамик желінің күту режиміне ауысады. Содан кейін құрылғыдағы жарық диод индикаторы ақ түспен күңгірттенеді.

2-опция.

Құрылғыдағы ⏻/I түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін бассаңыз, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін құрылғыдағы жарық диод индикаторы ақ түспен күңгірттенеді.

Ескертпе

Желілік күту режимінде ⏻/I түймесін бассаңыз, оң соңғы музыкалық ойнату тізімі ойнатылады.

Bluetooth қызметінің күту режимі

Bluetooth қызметінің күту режимі ҚОСУЛЫ күйіне орнатылса, динамик Bluetooth күту режимін өшірулі болғанда ауыстырады.

Негізгі құралды Bluetooth қызметінің күту режимінде іске қосқан кезде, Bluetooth және LG TV функциясын желі қосылмаған жағдайда да қосуға болады.

Ескертпе

- Негізгі құралдың дыбыс деңгейін минималды шамасына реттеңіз. Содан кейін қашықтан басқару пультіндегі VOL (-) және DRC түймелерін 3 секундтай басып тұрыңыз. Динамик Bluetooth қызметінің күту режиміне ауысады.
- Құралды Wi-Fi функциясында өшірсеңіз, Bluetooth қызметінің күту режимі жұмыс істемейді.
- Осы функцияны пайдалану үшін, AUTO POWER функциясын іске қосу қажет.

Динамикті қайта орнату

Динамик қосылмаған болса немесе жауап бермесе, динамикті қайта орнатыңыз.

Динамикті қайта орнату

- Бір дыбыстық сигнал естілгенге дейін ⊞ түймесін басып тұрыңыз. Дисплей терезесінен «DISABLED» жазуын көресіз. Содан кейін барлық сымсыз желі порттары ажыратылады және сақталған сымсыз желі туралы ақпарат жойылады.
- Екі дыбыстық сигнал естігенге дейін ⊞ түймесін басып тұрыңыз. Дисплей терезесінен «RESET1» жазуын көресіз. Динамикті бастапқы зауыттық параметрлерге қалпына келтіруге болады.

Ақаулықтарды жою

Жалпы

Белгілер	Себеп және шешім
Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді.	• Осы құрылғының және қосылған сыртқы құрылғының (теледидар, сабвуфер, DVD ойнатқыш, күшейткіш, т.б.) қуатын өшіріп, оны қайтадан қосыңыз. • Осы құрылғының және қосылған сыртқы құрылғының (теледидар, сабвуфер, DVD ойнатқыш, күшейткіш, т.б.) қуат сымын ажыратып, оны қайтадан қосып көріңіз.
Қуат жалғанбаған.	Қуат сымы розеткаға жалғанған ба? • Қуат штепселін розеткаға жалғаңыз.
Түйме басулы кезде функция жұмыс істемейді.	Ауада статикалық электр бар ма? • Қуат штепселін ажыратып, қайта жалғаңыз.
Дыбыс шықпайды.	Дыбыс деңгейі минималды көрсеткішке орнатылған ба? • Дыбыс деңгейін лайықтаңыз. • Қосылымды сыртқы құрылғымен пайдаланған кезде (ТАП, Bluetooth құрылғысы, т.б.), құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз. Дыбысты өшіру функциясы қосылған ба? • түймесін басыңыз немесе дыбыс өшіру функциясын тоқтату үшін дыбыс деңгейін реттеңіз. Функция дұрыс таңдалған ба? • Кіріс көзін тексеріңіз және дұрыс кіріс көзін таңдаңыз.
Төменгі жиілік динамигінен дыбыс шықпайды	Сабвуфер жалғанған ба? • Сабвуфердің қуат сымын розеткаға ақырын жалғаңыз. Құрылғы мен сабвуфер арасындағы жұптастыру ажыратылған ба? • Құрылғы мен сабвуферді жалғаңыз. (12-бетті қараңыз.)
Қашықтан басқару пульті дұрыс жұмыс істемейді.	Қашықтан басқару пульті құрылғыдан тым алыс па? • Қашықтан басқару пультін 7 м қашықтықта қолданыңыз. Қашықтан басқару пульті мен құрылғы арасында кедергі бар ма? • Кедергіні жойыңыз. Қашықтан басқару пультіндегі батареялардың заряды біткен бе? • Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз.
AUTO POWER функциясы жұмыс істемейді.	• Теледидар, DVD/Blu-Ray ойнатқышы немесе Bluetooth құрылғысы сияқты сыртқы құрылғының қосылымын тексеріңіз. • SIMPLINK функциясының күйін тексеріп, SIMPLINK функциясын өшіріңіз. • Қосылған құрылғыға байланысты бұл функция жұмыс істемеуі мүмкін.

Белгілер	Себеп және шешім
LG Sound Sync функциясы жұмыс істемейді.	• LG TV LG Sound Sync функциясын қолдайтынын тексеріңіз. • LG Sound Sync қосылымын тексеріңіз. • Теледидар және осы құрылғының дыбыс параметрін тексеріңіз.
Құрылғыдан шығатын дыбыс төмен деп сезгенде.	Төмендегі параметрлерді тексеріп құрылғыны соларға сәйкес баптаңыз. • Қашықтан басқару контроллерін қолданып DRC функциясын [ON] күйінен [OFF] күйіне ауыстырыңыз. • Теледидармен қосылған дыбыс панелімен AUDIO DIGITAL OUT параметрін TV Setup (Теледидарды орнату) мәзірінде [PCM] күйінен [AUTO] не [BITSTREAM] күйіне ауыстырыңыз. • Ойнатқышпен қосылған дыбыс панелімен AUDIO DIGITAL OUT параметрін Player Setup (Ойнатқышты орнату) мәзірінде [PCM] күйінен [PRIMARY PASS-THROUGH] не [BITSTREAM] күйіне ауыстырыңыз. • Player Setup (Ойнатқышты орнату) мәзірінде аудио DRC параметрін [OFF] күйіне ауыстырыңыз.

Желі

Белгілер	Себеп және шешім
Динамикті үй желісіне қосу мүмкін емес.	Сымсыз байланысқа радио жиіліктерді пайдаланатын тұрмыстық құрылғылар кедергі жасауы мүмкін. Динамикті олардан әрі қарай жылжытыңыз.
Медиа серверлері құрылғылар тізімінде көрсетілмеген.	• Медиа серверде брандмауэр немесе вирусқа қарсы бағдарлама іске қосылған. Компьютердегі немесе медиа серверіндегі іске қосылған брандмауэрды немесе вирусқа қарсы бағдарламаны өшіріңіз. • Динамик медиа сервері қосылған жергілікті аймақ желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
Music Flow Player қолданбасы дұрыс жұмыс істемейді.	Music Flow Player құрылғысы қосылған ба? • Music Flow Player құрылғысын қосыңыз. LAN кабелі сымсыз маршруттауышқа және Music Flow Player құрылғысына тиісті түрде қосылған ба? • LAN кабелін Music Flow Player артқы жағындағы Ethernet портына және сымсыз маршруттауышқа жалғаңыз. Music Flow Player құрылғысы қолсыған кезде Music Flow Player құрылғысының жарық диоды оның дұрыс істейтінін көрсете ме? • Егер Music Flow Player құрылғысын жалғаумен қиындықтар туындаса, динамикті сымсыз маршруттауышқа немесе Music Flow Player құрылғысына жақынырақ орналастырып көріңіз. Маршруттауышты қайта іске қостыңыз ба? • Динамикті өшіріп, қайта іске қосуыңыз қажет. Жаңа маршруттауышты орнатқан жағдайда. • Динамикке зауыттық параметрді орнатып, желі байланысын орнатуыңыз керек.

Қолданба және ДК бағдарламалық жасақтамасы

Белгілер	Себеп және шешім
Music Flow Player қолданбасы тиісті түрде жұмыс істемейді.	Қолданбаға кірген кезде қате орын ала ма? • Смарт құрылғы қолданбамен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз. • Music Flow Player қолданбасының нұсқасы соңғы екеніне көз жеткізіңіз. • Динамиктің алдыңғы жарық диоды қызыл түстен ақ түске ауысқанына көз жеткізіңіз.
Music Flow ДК бағдарламалық жасақтамасы тиісті түрде жұмыс істемейді.	ДК немесе Mac брандмауэрі қосу үшін орнатылған ба? • Барлық брандмауэрді өшіріп, қайта қосып көріңіз. Брандмауэр нұсқаулығын қараңыз немесе веб-торабына кіріңіз. LAN кабелі сымсыз маршруттауышқа және ДК-ге немесе Mac компьютеріне тиісті түрде жалғанған ба? • Динамик және ДК немесе Mac компьютері жергілікті аймақ желісіне дұрыс қосылғанын және интернетке қол жеткізе алатынын тексеріңіз. • Сымсыз байланысқа радио жиіліктерді пайдаланатын тұрмыстық құрылғылар кедергі жасауы мүмкін. Динамик пен ДК немесе Mac компьютерін олардан әрі қарай жылжытыңыз.

Файл талабы

Қолжетімді файл кеңейтімдері : «.mp3», «.wma», «.flac», «.m4a», «.aac», «.ogg», «.wav»

Дискретизация жиілігі: 32 және 48 кГц аралығында (mp3, wma), 192 кГц/24 битке дейін (flac)

Бит жылдамдығы: 320 кбит/с-қа дейін (mp3, wma)

- Файл талаптары әрдайым үйлесімді емес. Файл мүмкіндіктері және медиа сервер мүмкіндігінде кейбір шектеулер болуы мүмкін.
- Кейбір wav файлдарына осы динамикте қолдау көрсетілмейді.
- Файлдардың түрлеріне немесе жазып алудың әдістеріне байланысты, ол ойнатпауы мүмкін.
- Кейбір DRM арқылы жүктелген файлдарға осы динамикте қолдау көрсетілмейді.

Сауда белгілері мен лицензиялар

Dolby Laboratories компаниясының лицензиясы бойынша жасап шығарылған. Dolby және қос-D таңбалары Dolby Laboratories компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

DTS патенттері үшін http://patents.dts.com торабын қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша өндірілген. DTS, таңба, & DTS және таңба - тіркелген сауда белгілері және DTS Digital Surround - DTS, Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады. © DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by the Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by LG Electronics is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.

HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface және HDMI ентаңбасы - HDMI Licensing LLC компаниясының АҚШ-та немесе басқа елдерде тіркелген сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Сипаттамалар

Жалпы	
Қуат қамтуы	25 В ⎓ 2 А (айнымалы ток адаптері)
Электр қуатының тұтынылуы	45 Вт
	Желілік күту режимі : 5,8 Вт (Барлық желілік порттар пайдаланылса.)
Айнымалы ток адаптері	Үлгі: DA-50F25 Өндіруші: Asian Power Devices Inc. Кіріс: 100 - 240 В ~ 50/60 Гц Шығыс: 25 В ⎓ 2 А
Өлшемдері (Е x Б x Д)	(1060 x 45 x 82) мм (аяғынсыз)
Таза салмақ (шамамен)	2,5 кг
Жұмыс температурасы	5 °C – 35 °C
Жұмыс ылғалдылығы	5 % – 90 %

Кіріс/Шығыс	
OPT. IN	3 В (р-р), оптикалық ұяшық x 1
PORTABLE IN	0,5 орта квадраттық В (3,5 мм стерео ұяшық) x 1
HDMI IN	19 істікті (А түрі, HDMI™ қосқышы) x 1
HDMI OUT	19 істікті (А түрі, HDMI™ қосқышы) x 1
Сандық кірістің қолжетімді аудио үлгілеу жиілігі	32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц, 96 кГц

Күшейткіш	
Барлығы	360 Вт
Алдыңғы	40 Вт x 2 (1 кГц-те 4 Ω)
Көлемді дыбыс	40 Вт x 2 (1 кГц-те 4 Ω)
Сабвуфер	200 Вт (80 Гц-те 3 Ω)
THD	10 %

Сымсыз сабвуфер	
Қуат көзі бойынша талаптар	Сабвуфердің негізгі жапсырмасын қараңыз.
Электр қуатының тұтынылуы	33 Вт
Түрі	1 жолды 1 динамик
Кедергі	3 Ω
Номиналды кіріс қуаты	200 Вт
Максималды кіріс қуаты	400 Вт
Өлшемдері (Е x Б x Д)	(171 x 390 x 261) мм (тірекпен)
Таза салмақ (шамамен)	5,6 кг

Жүйе	
ETHERNET (LAN) порты	Ethernet ұяшығы x 1, 10 BASE-T/100 BASE-TX
Сымсыз LAN желісі (ішкі антенна)	Біріктірілген IEEE 802.11n (Draft 2.0) сымсыз желіге қол жеткізу, 802.11a/b/g/n Wi-Fi желілерімен үйлесімді.

Bluetooth	
Нұсқа	4.0
Кодек	SBC

- Құрылымы мен сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Динамикті өңдеу

Динамикті тасымалдаған кезде

Бастапқы жеткізу қорабын немесе орайтын материалдарын сақтап қойыңыз. Егер динамикті тасымалдау керек болса, максималды қорғаныс үшін динамикті зауытта қапталғандай етіп қайта ораңыз.

Сыртқы беттерін таза ұстау

- Динамиктің қасында инсектицид спрейі сияқты буланғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Қатты күш салып сүрту сыртқы қабатын зақымдауы мүмкін.
- Резеңке немесе пластмасса өнімдердің динамикке ұзақ жанасып тұруына жол бермеңіз.

Динамикті тазалау

Құрылғыны тазалау үшін құрғақ шүберек пайдаланыңыз. Егер беткейлері қатты лас болса, жұмсақ жуғыш затының ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Спирт, бензин немесе сұйылтқыш сияқты күшті ерітінділерді пайдаланбаңыз, олар динамиктің бетін зақымдауы мүмкін.

Желілік қызметтерге қатысты маңызды ақпарат

Кез келген үшінші тарап (әрқайсысы «Қызмет провайдері») арқылы берілген немесе қол жетімді етілген бүкіл ақпарат, деректер, құжаттар, байланыстар, жүктеулер, файлдар, мәтін, сурет, фотосуреттер, сызбалар, бейнелер, вебкасттар, жарияланымдар, құралдар, ресурстар, бағдарламалық жасақтама, код, бағдарламалар, апплеттер, виджеттер, қолданбалар, өнімдер және басқа мазмұн («Мазмұн») және барлық қызметтер мен ұсыныстар («Қызметтер») тек оларды жасаған Қызмет провайдерінің жауапкершілігі болып табылады.

Қызмет провайдері LGE құрылғысы арқылы қамтамасыз ететін мазмұны мен қызметтерінің қолжетімділігі мен қатынасу кез келген уақытта ескертусіз өзгеруі, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, мазмұнның немесе қызметтердің бүкіл немесе кез келген бөлігі уақытша тоқтатылуы, жойылуы немесе тоқтатылуы мүмкін.

Егер сізде мазмұнға немесе қызметтерге қатысты қандай да сұрақ немесе мәселе пайда болса, ең жаңа ақпаратты қызмет провайдерінің веб-торабында қарауға болады. LGE компаниясы мазмұнға және қызметтерге қатысты тұтынушы қызметіне жауапты емес. Мазмұнға немесе қызметтерге қатысты кез келген сұрақты немесе сұрауды тікелей сәйкес мазмұн және қызмет провайдерлеріне жіберу керек.

LGE компаниясы қызмет провайдері беретін ешбір мазмұнға немесе қызметтерге немесе мұндай мазмұнға немесе қызметтерге енгізілген ешбір өзгертулерге, жоюға немесе тоқтатуға жауапты емес екенін және мұндай мазмұнның немесе қызметтердің қол жетімділігіне немесе оларға қатынасуға кепілдік бермейтінін ескеріңіз.

ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

Осы пайдалану шарттары LG Multiroom динамигін (LG Multiroom динамигі), LG Multiroom динамигімен байланысты кез келген бағдарламалық жасақтамаларды, қолданбамен (жалпы «LG Software») байланысты осы қолданбаны және кез келген қызметтерді пайдаланатын тұлғалар мен топтарға арналған. Олар сізге LGE жауапкершіліктерін, сондай-ақ, LG бағдарламалық жасақтамасын пайдаланған кездегі білуіңіз қажет рұқсаттар мен тыйымдарды анықтауды сипаттайды. LG бағдарламалық жасақтамасы - Корея, Сеул, Yeoungdeungpo-gu, Yeouido-dong 20 мекенжайында тіркелген кеңсесімен LG Electronics Inc. компаниясы иеленетін жеке бағдарламалық жасақтама. LGE және оның лицензия берушісі («LGE», «бізге» немесе «біз»).

LG бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу немесе оны пайдалану арқылы осы пайдалану шарттарын қабылдайтыныңызды және оларға сақтауға келісетініңізді растайсыз. Пайдалану шарттарымен келіспесеңіз, LG бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізе немесе оны пайдалана алмайсыз. Осы пайдалану шарттары мен оған қатысты кез келген басқа құжат арасында келіспеушілік пайда болса, осы пайдалану шарттары сәйкес құжатта нақты басқаша көрсетілмегенше басымдығы жоғары болады.

Біз сізге LG бағдарламалық жасақтамасының алдын ала орнатылған көшірмесін тек LG Multiroom динамигін жеке пайдалану үшін қажет көлемде пайдалану мақсатында қарапайым лицензия береміз және басқа мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

LG бағдарламалық жасақтамасындағы барлық иелену құқықтары әлемнің кез келген жерінде тек бізге тиесілі екенін және LG бағдарламалық жасақтамасындағы иелену құқықтары сізге өтпейтінін растайсыз. Сіздің LG бағдарламалық жасақтамасын лицензия шартында көрсетілгендей тек шектеулі пайдалануға құқығыңыз бар.

Біздің бағдарламалық жасақтамамызды заң арқылы рұқсат берілмегенше ешқандай жолмен көшіруге, өзгертуге, декомпиляциялауға немесе қайта жобалауға болмайды. Егер осы пайдалану шарттарын бұзғаныңызға күдіктенсек, қызметтерді толығымен немесе жартылай ескертусіз тоқтатуға немесе өшіруге құқығымыз бар.

LG бағдарламалық жасақтамасы өзіңіздің жеке талаптарыңызды қанағаттандыру үшін өңделмегенін растайсыз. Біз LG бағдарламалық жасақтамасында қате жоқ немесе әрқашан қолжетімді болатынына уәде немесе кепілдік бермейміз. LG бағдарламалық жасақтамасын үздіксіз, жоғары сапалы негізбен қамтамасыз ету үшін біз коммерциялық орынды шараларды қолданамыз, бірақ олар қолжетімді болатынына, үзілмей жұмыс істеуіне немесе қателер болмайтынына кепілдік бере алмаймыз. Техникалық, операциялық, қауіпсіздік, құқықтық немесе реттеуші себептер үшін орынды қажеттілік деп санайтын жағдайда LG бағдарламалық жасақтамасын үзуге не тоқтатуға немесе қызметтерді толығымен не жартылай уақытша тоқтатуға немесе шектеуге мәжбүр болуымыз мүмкін.

Қызметтер немесе олардың кез келген бөлігі кез келген уақытта немесе белгілі бір кезеңге қолжетімді емес болса, жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз.

LG бағдарламалық жасақтамасында үшінші тарап арқылы қолжетімді болған мазмұн немесе қолданбаларды жүктеу және оларға қол жеткізу үшін, LG бағдарламалық жасақтамасын пайдалана алатыныңызға қарамастан, осындай мазмұн немесе қолданбаларға әрқашан қол жеткізе алатыныңызға уәде немесе кепілдік бермейміз. Осыған құқығымыз бар болғандықтан лицензия шарттарында заң арқылы тұспалдануы мүмкін кез келген кепілдіктерден немесе басқа шарттардан бас тартамыз.

Осыған құқығымыз бар болғандықтан сіз немесе LG бағдарламалық жасақтамасын сіздің пайдалануыңызбен байланысты кез келген басқа тұлға келтірген қандай да шығын немесе зақым үшін барлық жауапкершіліктен бас тартамыз. Лицензия шарттарын бұзу немесе немқұрайлық салдарынан орын алған болжалды нәтижеден туындаған шығын немесе зақымға ғана төменде көрсетілген сомаға дейін өтеуге жауаптымыз, бірақ болжалды емес шығын немесе зақым үшін

жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз. Шығын немесе зақым біздің шартты бұзуымыздың айқын салдары жағдайында немесе LG бағдарламалық жасақтамасын пайдалана бастағанда сіз және біз арқылы қарастырылған жағдайда болжалды деп есептеледі.

Лицензия шарттарынан шығарылмаған кез келген шығын немесе зақым үшін, келісімшартта азаматтық құқық бұзушылықта (немқұрайлықты қоса) немесе басқаша жолмен, біздің және компания тобымыздың жалпы жауапкершілігі сіздің LG бағдарламалық жасақтамасының қызметі үшін төлеген сомаға шектеулі. Қолданыстағы заңға сәйкес жағдайларда, кейбір юрисдикциялар кездейсоқ немесе жанама зақымдар үшін жауапкершілікке шектеу немесе шеттеуге жол бермейді немесе жауапкершілікті шектеу немесе шеттеуге жол бермейтін құқығы бар, сондықтан жоғарғы шектеу сізге қатысты емес болуы мүмкін.

Осы лицензия шарттарының ешқайсысы біздің немқұрайлылығымыз, айлакерлігіміз немесе қасақана жаңылыстыруымыз салдарынан орын алған өлім немесе жеке жарақат үшін біздің жауапкершілігімізді немесе заңнама арқылы шеттетілмейтін не шектелмейтін кез келген басқа жауапкершілікті шектемейді немесе шеттетпейді.

LG бағдарламалық жасақтамасы мазмұн провайдерлері сияқты үшінші тарап арқылы иеленетін және жұмыс істейтін «apps» қол жеткізуге және басқа қызметтерге байланысуға мүмкіндік береді. Қызметтер арқылы қол жеткізетін кез келген үшінші тарап қолданбалары, қызметтері және мазмұны осы үшінші тарап провайдерлері арқылы сізге қолжетімді болады немесе пайдалану шарттарының ауқымынан тыс болады.

Сіздің кез келген үшінші тарап провайдерлерімен қатынасыңыз тек аталмыш провайдер екеуіңіздің араңызда қалады және провайдердің жеке шарттары мен құпиялық саясатына қатысты болуы мүмкін. Біз сізге осы құжатты мазмұнына жауапты емес екенімізге қарамастан оқуға кеңес береміз. Үшінші тарап провайдерлері арқылы қамтамасыз етілген қолданбалар, қызметтер немесе мазмұн үшін жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз.

Кез келген жағдайда ескертусіз немесе жауапкершіліксіз белгілі бір үшінші тарап мазмұны, қолданбасы немесе қызметтерін пайдалануға немесе қол жеткізуге шектеу қоя аламыз. LG бағдарламалық жасақтамасы арқылы қолжетімді кез келген мазмұн, қолданба немесе қызметке енгізілген қандай да өзгеріс, үзіліс, өшіру, жою немесе уақытша тоқтату үшін ешқандай жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз. Сондай-ақ, мазмұн, қолданба немесе қызметтерге қатысты тұтынушыға қызмет көрсету үшін жауапты емеспіз. Үшінші тарап мазмұны, қолданбасы немесе қызметтеріне қатысты кез келген сұрақ немесе сауал үшін сәйкес мазмұн және қызмет провайдерлеріне немесе сәйкесінше қолданба өндірушілеріне тікелей хабарласу керек.

Бұл шарттар сіздің тұтынушы ретіндегі заңды құқықтарыңызға ықпал етпейді.

Балалар және ата-ананың бақылау құралдарына арналған қызметтердің жарамдылығы

Қажет болғанда қанағаттандыру үшін мұны сәйкесінше өзгертіңіз: Қызметтер 13 жасқа дейінгі балаларға арналмаған және 13 жасқа дейінгі балаларды қызықтыру үшін арнайы құрастырылмаған. Сонымен қатар, қызметтерді пайдалануыңыз арқылы қол жеткізе алатын белгілі бір мазмұнда сіз тұрпайы, наразылық тудыратын немесе балаларға арналмаған деп санайтын материал болуы мүмкін.

Балаға LG Smart TV теледидарын қызметтерге қол жеткізу үшін пайдалануға рұқсат берсеңіз, қызметтерді баланың пайдалануы үшін жарамды немесе жарамды емес екенін шешуге жауапкершілікті өз мойныңызға аласыз.

Smart TV теледидары ата-ананың бақылау құралын ұсынады (4 сандық PIN-код арқылы). 4 сандық PIN-кодты қоссаңыз, LG Smart TV теледидары PIN-кодты енгізбегенше шектеулі мазмұнды көрсете алмайды. Ата-ананың бақылау құралы және қолжетімді басқа да бақылау функцияларын орнату және қолдау көрсету үшін сіз жауаптысыз, және сіздің олай жасамағаныңыздың нәтижесінде сіз немесе LG Smart TV теледидарын пайдаланушы келтірген қандай да зиян, шығын немесе зақым үшін біз жауапты емеспіз. LG Smart TV теледидарының үлгілеріне байланысты осы мүмкіндіктер қолжетімді емес болуы мүмкін.

Вирустар және қауіпсіздік

Қажет болғанда қанағаттандыру үшін мұны сәйкесінше өзгертіңіз: Қызметтер қауіпсіз және вирусы жоқ екеніне көз жеткізу үшін, коммерциялық орынды шараларды қолданамыз, бірақ сол шаралар қызметтерде қателер, вирустар немесе басқа осалдықтар жоқ болуына кепілдік бере алмайды және бермейді.

Сонымен қатар, қызметтерді пайдалану барысында LG Smart TV теледидарына, деректерге немесе сізге тиесілі басқа материалдарға енуі мүмкін вирус, таратылған қызмет көрсетуден бас тарту шабуылы немесе басқа техникалық зиянды материал келтірген қандай да шығын немесе зақым үшін жауапкершіліктен бас тартамыз.

Өзіңіз дұрыс санайтындай өзгертіңіз: Шағымдар

Қызметтер туралы қандай да бір сұрақтарыңыз, мәселелеріңіз немесе шағымдарыңыз болса, хабарласыңыз [жеке емес LG электрондық пошта мекенжайына сілтемені қоса].

Өзіңіз дұрыс санайтындай өзгертіңіз: Басқалар

Нақты басқаша көрсетілмеген болса, осы пайдалану шарттары мен ондағы көрсетілген құжаттар ішінде қызметтерді пайдалануға қатысты біз бен сіздің толық келісіміміз бар және қызметтерді пайдалануыңызға қатысты біз бен сіздің арамызда кез келген алдыңғы келісімдер, жүзеге асыру шарттары, қабылданған міндеттер немесе ұсыныстардың орнына жазбаша немесе ауызша қолданылады.

Өзіміздің құқықтарымыз бен міндеттерміздің кез келгенін немесе барлығын осы пайдалану шарттарына сәйкес кез келген компанияға, фирмаға немесе тұлғаға тағайындауымызға, қосымша келісімшартқа отыруымызға немесе басқаша жолмен беруімізге болады. Мұны тек пайдалану шарттарына сәйкес сізге материалдық тұрғыда әсер етпейтін жағдайда ғана жасай аламыз. Алдымен бізбен жазбаша түрде келісіп алмағанша пайдалану шарттарына сәйкес өзіңіздің құқықтарыңызды немесе міндеттеріңізді басқа біреуге (LG Smart TV теледидарын үшінші тарапқа беретін жағдайды қоспағанда) тағайындауға, қосымша келісімшартқа отыруға немесе басқаша жолмен беруге болмайды.

Белгілі бір уақытта сізге қарсы кез келген құқығымызды жүзеге асырмау немесе күшіне енгізбеуге шешсек, онда бұл құқықты кейін жүзеге асыру немесе күшіне енгізуге шешуімізге кедергі келтірмейді.

Пайдалану шарттарының кез келген бөлігі заңсыз, жарамсыз немесе сот не реттеуші шешімімен айыптау күші жоқ деп есептелсе, пайдалану шарттарының сол бөлігін жойылып, қалған бөліктері айыптау күші бар болып қала береді.

Пайдалану шарттары оларға қатысы жоқ кез келген тұлға арқылы айыптау күші бар ешқандай құқықтар жасамайды немесе тұспалдамайды

Пайдалану шарттары LG Smart TV теледидары сатылған мемлекет заңнамалары арқылы реттеледі және сіз бен LGE екеуіңіз де LG Smart TV теледидары сатылған мемлекет заңнамаларының айрықша юрисдикциясына бағынуға келісім бересіз

Осы келісімді қайшылықты құқық шарттарын қоспағанда Корея Республикасы басқарады.

Пайдалану шарттарына қатысты сұрақтарыңыз немесе пікірлеріңіз болса, www.lg.com веб-торабына кіріңіз.

Осы пайдалану шарттары уақыт өте LGE арқылы жаңартылуы мүмкін. Пайдалану шарттарына едәуір өзгеріс енгізсек, сізге LG бағдарламалық жасақтамасы немесе басқа құралдар арқылы хабарлаймыз.

Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін http://opensource.lge.com веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы тарату шығынын қамтитын ақыға (дерек тасығышының құны, жеткізу және өңдеу) opensource@lge.com мекенжайына электрондық пошта арқылы сұрау жіберілгенде бастапқы кодты ықшам дискіде жеткізуді ұсынады. Бұл ұсыныс осы өнімді сатып алған уақыттан бастап үш (3) жыл ішінде жарамды болады.


LG
Life's Good